БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 90 (9408) | 1954 жылғы 5 май Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тиын.

*Бүгін—Советтік баспасөз күні.*

*„Газет—коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші ғана емес, сонымен қатар коллективтік ұйымдастырушы“.*

**В. И. ЛЕНИН.**

## Советтік баспасөз күні

Бүгін —Советтік баспасөз күні. Бұл күн—бүкіл совет халқының дәстүрлі мерекесі. Бұдан 42 жыл бұрын, 1912 жылғы 5 майда Совет Одағы Коммунистік партиясының орталық органы — «Правда» газетінің бірінші номері жарыққа шықты. «Правда» газетінің бірінші номерінің жарыққа шыққан күні — 5 май бүкілхалықтық мерекеге айналды. Содан бері, қырық жылдан аса уақыт бойы партиямыздың орталық органы «Правда» марксизм-ленинизм теориясын тынбастан насихаттап, еңбекшілерді коммунизм орнату жолындағы ұлы күрестің бүкіл дүниежүзілік- тарихи міндеттерін жүзеге асыру жолына жұмылдырып келеді.

Біздің бүкіл советтік баспасөзіміз «Правдадан» үлгі ала отырып, елімізде коммунистік қоғам орнатуда, еңбекшілерге саяси- идеялық және мәдени тәрбие беруде зор роль атқаруда.

Коммунистік баспасөздің бүкіл тарихы Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясының тарихымен және оның күресімен тығыз байланысты. «Правда» бастаған советтік баспасөз Ұлы Октябрь социалистік революциясына әзірленуде және оны өткізуде, азамат соғысы жылдарында шет ел басқыншылары мен ақгвардияшыларды талқандауда, халық шаруашылығын қалпына келтіруде Коммунистік партияға лайықты көмекші бола білді. Сол сияқты, біздің баспасөзіміз елімізді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатын жүзеге асыру күресіне еңбекшілерді белсене жұмылдырды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап ол жеңіспен аяқталғанға дейін советтік баспасөз еліміздің барлық күш-мүмкіншілігін жауды жеңу күресіне жұмылдыруда партияға зор көмек көрсетті.

Соғыстан кейінгі жылдарда біздің баспасөзіміз партия мен үкіметіміздің еліміздің экономикалық күш-қуатын барған сайын арттыра беруге, совет адамдарының әл-ауқат және мәдениет дәрежесін барған сайын жақсарта беруге бағытталған қаулы-қарарларын ойдағыдай жүзеге асыру жолында күресуде.

Коммунистік партия, ұлы Ленин мен Сталин ұйымдастырған советтік баспасөз —шын мәніндегі халықтық баспасөз. Ол коллективтік насихатшы, үгітші және коллективтік ұйымдастырушы болып табылғандықтан да біздің баспасөзіміз халықтың құрметіне, сүйіспеншілігі мен сеніміне бөленген.

Егер капиталистік елдердегі буржуазиялық баспасөз жанталаса қаруланууды, жаңа қырғын соғысқа әзірленуді насихаттап отырса, оның керісінше, советтік баспасөз бүкіл дүние жүзі халықтарының хауіпсіздігі мен бейбітшілік ісін нығайту үшін күресуде, бүкіл дүние жүзінің адалниетті адам баласын бейбітшілік ісін нығайту жолындағы күреске шақыруда. Капиталистік елдердегі демократияшыл баспасөз, демократиялық лагерь елдерінің баспасөздері советтік баспасөздің бұл игі ісінен үлгі алуда.

Советтік баспасөздің күші —оның халықтың қалың бұқарасымен тығыз байланыстылығында. Егер газеттер колхозшылармен, жұмысшылармен және интеллигенциямен тығыз байланыс жасап, оларды газет жұмысына қатынастыра білсе ғана біздің газеттеріміз өз дәрежесінде бола алады. Демек, газет редакциялары коллективтерінің абройлы міндеті — өзінің авторлар активімен тығыз байланыс жасап, олардың қатарын көбейте беру және ол активтерді газеттердің алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру ісіне белсене қатынастыру болып табылады.

СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкметі еліміздің еңбекшілерінің әл-ауқат және мәдениет дәрежесін жақсарта берудің басты шарты —астық өндірісін шұғыл өркендету міндетін қойып отыр. Бүкіл совет халқы бұл ұлы міндетті жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылулы. Советтік баспасөздің бүгін таңдағы қасиетті борышы бұл күресте совет адамдарына лайықты көмек көрсете білу болып табылады.

Біздің Солтүстік Қазақстан облысының колхоздары мен совхоздарының 1954—1955 жылдары 700 мың гектар жаңа жер игеруге тиіс екендігі мәлім. Облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері үстіміздегі көктемнің өзінде бұл міндетті орындау ісіне кірісті. Жасыратыны жоқ, облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздарында, әсресе, Октябрь және Конюхов аудандарының колхоз, совхоздарында жаңа жерлерді игеру, көктемгі егіс жұмыстары мейлінше баяу өрістетілуде. Газеттер бұл сияқты елеулі кемшіліктерге немқұрайды қарап қала алмайды. Жергілікті газеттер

## Егіс жұмыстары қарқынды, сапасы жоғары болсын

* * *

### Конюхов ауданында егіс жұмыстарының қарқыны баяу, сапасы нашар

Үстіміздегі жылы Конюхов ауданының еңбекшілері алдында өте жауапты міндеттер тұр. Ол —осы жылы 10 мың гектардай тың және тыңайған жерлерді игеру, оның 3500 гектарына көктемде тұқым себу, жалпы егіс көлемін өткен жылғыдан едәуір ұлғайту, дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 15 центнерден өнім алу.

Бұл күндері аудан колхоздары осы міндеттерді орындаудың шешуші әрі жауапты кезеңі—көктемгі егіс жұмыстарына жаппай кірісті. Механизаторлар мен колхозшылардың астық өндірісін шұғыл өркендету жолындағы белсенділіктері күн санап арта түсуде.

Алайда, аудандағы көпшілік колхоздардың, сонымен қатар аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомінің басшылары, МТС директорлары «жер әлі кұрғаған жоқ» деген зиянды тікірдің шырмауынан шыға алмай жүр. Олар әрбір бригадада, колхозда егіс жұмыстарының кең өріс алуын ұйымдастырмай келеді. Осының барлығы аудан колхоздарында осы уақытқа дейін 2367 гектар ғана жер жыртылып, 770 гектар егіс алаңына ғана тұқым себілуіне әкеліп соғып отыр.

Колхоздарда егіс жұмыстарының қарқыны нашар болуына негізгі себептердің бірі —тракторлардың қуатының дала жұмыстарына тиімді пайдаланылмауы болып саналады.

Дала жұмыстарының алғашқы күндерінің өзінде тракторлар сапасыз жөнделгендіктен олардың сынып қалушылық фактілері орын алды. Мұндай жағдай трактор бригадаларына техникалық көмектің күнбе- күн көрсетіліп отырылуын талап етеді. Бұл үшін МТС-тердің көшпелі мастерскойлары трактор бригадаларында күні- түні болуы керек. Бірақ, Чистян МТС-нің басшылары көшпелі мастерскойларды ұйымдастыру мәселесіне осы уақытқа дейін жете көңіл бөлмеген. Мұнда 3 көшпелі мастерскойдың біреуі ғана жөнделген.

Бригадаларға көшпелі мастерскойлардың бармауынан болмашы себептермен тракторлар көп уақыт бос тұрып қа-

трактор сынып жұмыс істемеген. МТС-те техникалық жарамсыздықтан күн сайын 4—5 трактор егіс жұмыстарына қатыспайды.

Осындай кемшіліктермен бірге, кейбір трактор бригадасында жұмыс екі сменада ұйымдастырылмаған. Чистян МТС-інде 4 «СТЗ—НАТИ», 3 «СХТЗ» тракторлары жарықпен қамтамасыз етілмегендіктен олар түнгі сменада жұмысқа қатыспайтын болған. Осы себептен ғана аталған МТС-те 490 трактор-жұмыс сағаты босқа өтті. Бұл мерзім ішінде кемінде 240 гектар жер жыртуға, немесе, 1600 гектар жерге тұқым себуге болар еді. Бұл жағдайды МТС директоры Галай, МТС-тің бас инженері Коренков жолдастар жақсы біледі. Бірақ, олар орын алған кемшіліктердің куәсі ғана болумен уақыт өткізіп жүр.

Бұл кезде МТС-тің бас инженері трактор бригадаларында жиі- жиі болып тұруға әрбір трактор бригадасындағы жағдайды жақсы және жете білуге, механизаторларға қолма -қол көмек көрсетіп отыруға міндетті. Алайда, Коренков жолдас осы уақытқа дейін трактор бригадаларында болуды қажет деп есептемеген. Біз одан трактор бригадаларының жұмыс жағдайын сұрағанымызда ол бізге: «мен трактор бригадаларының жағдайын білмеймін, оларға баруға қолым тимейді» дегенді айтты. Бұдан Коренков жолдастың көктемгі егісті қысқа мерзімде өткізуге мән бермейтіндігін, кеңсешілдікке, төрешілдікке салынғандығын көруге болады. Міне, сондықтан да бұл МТС-те көктемгі егістің алғашқы күндерінде елеулі кемшіліктер орын алып отыр.

Кей реттерде колхоз басқармалары тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне үнемі қолайлы жағдай туғызып отырмайды. Мәселен, Куйбышев атындағы колхоздың председателі Стаценко жауапсыздыққа салынған, трактор бригадасына себілетін тұқымдық дәнді жеткізіп беруді ұйымдастырмаған. Осының салдарынан 29 апрель күні бригададағы 6 трактор күні бойы тоқтап тұрған.

Көктемгі егіс жұмыстарында агрономдар шешуші роль атқарады. Олар егіннен рек дедік. Бірақ, бұл ауданның басшылары болмашы себептермен агрономдарды аудан орталығына жиналыстарға шақыру сияқты зиянды әдетке салынады. 29 апрель күні аудандық партия комитетінің секретары Макаров жолдас Чистян МТС-інің агрономдарымен аудан орталығында жиналыс өткізді. Онда ол:

— Биыл жүгері және күнбағыс егістерінің көлемі 600 гектарға жетеді, бұл егістерді шаршы -ұялап отырғызу керек, бұл істе сіздер, агрономдар зор роль атқарасыздар,—дегеннен басқа ештеңе айтқан жоқ. Бұл жиналысқа 20—40 километрдегі агрономдарды шақыртудың қажеті қанша еді? Колхоздарда жүгері, күнбағыс егістерінің шаршы-ұялап отырғызылатынын, бұл істегі өздерінің міндеттерін агрономдар білмей ме? Әрине, біледі. Мұндай орынсыз мәжілістер агрономдардың егіс даласына оқта- текте келіп кетуіне негізгі себеп болуда.

Агрономдардың жұмысына маңыз бермеушіліктің ақыры кейбір колхоздарда жер жырту, тұқым себу жұмыстарында агротехникалық ережелердің өрескел бұрмалануына әкеліп соғуда. Чистян МТС-нің № 8 трактор бригадасының тракторшылары Гасс және Гофман жолдастар өздерінің жұмыстарына мүлдем жауапсыз қарап, көзбояушылыққа салынған. Олар 17 гектар тың жерді жыртқанда атжалдар қалдырған.

Егіншілер арасында саяси үгіт жұмысын кеңінен өрістету маңызды міндеттердің бірінен саналады. Бірақ, көп жерлерде колхозшылар мен механизаторлар арасындағы саяси үгіт жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Партия ұйымдары үгіт жұмысын кеңінен өрістетуге, егіншілердің өзара социалистік жарыста алған міндеттемелерінің мінсіз орындалуына жетісе алмай келеді.

«Искра» колхозының егіншілері арасында осы уақытқа дейін үгіт- бұқаралық жұмысы ұйымдастырылмаған. Үгітшілер егіншілер арасында болмайды. Тіпті олар өздерінің нақтылы міндеттерін де білмейді. Бұл жағдай бастауыш партия ұйымының секретары Г. Овчаренко жолдасқа әбден белгілі. Бірақ, ол болған

## ПАРТИЯНЫҢ, ҮКМЕТТІҢ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ МЫЗҒЫМАС БІРЛІГІНІҢ ДЕМОНСТРАЦИЯСЫ

АЛМАТЫ

Таң шапағы Іле Алатауының қар жатқан шыңдарын алтын нұрға бөлеп, Қазақстанның астанасы —Алматының көктем күні көп кешікпей өзінің жарық сәулесімен көркейте түсті. Қала көк -жасылға бөленіп, шешек ата бастаған алма ағаштарынан жұпар исті леп таралды. СОКП Орталық Комитетінің Бірінші майға арналған ұрандары жазылған транспаранттармен, қызыл жалауларымен, Коммунистік партияның және Совет Үкметінің басшыларының портреттерімен әдемі безендірілген кең көшелер мен проспектілерге демонстранттардың колонналары лық толды. Оркестрлер үні естіледі. Көктем жаңбырымен жуылып жалтыраған асфальтта халық биілеп, әндер шырқалады.

Коминтерн алаңы. Мінбелерде көптеген қонақтар, жұмысшылар, инженерлер, өнеркәсіп және транспорт кәсіпорындарының қызметшілері, өндіріс озаттары, ғалымдар, жазушылар, мәдениет қайраткерлері. Дәл таңертеңгі сағат 10-да орталық мінбеге Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары П. Пономаренко, Қазақстан КП Орталық Комитетінің екінші секретары Л. Брежнев, Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Е. Тайбеков, республиканың Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. Оңдасынов, Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретарьлары Ф. Кәрібжанов, И. Тәжиев көтерілді.

Әскери парад басталды. Сап түзеген қатармен Алматы гарнизонының бөлімдері өтті.

Май қарсаңындағы социалистік жарыста жеңіп шыққан Ленин ауданы Алматы еңбекшілері өкілдерінің демонстрациясын ашты. Фрунзе, Сталин, Каганович аудандарының еңбекшілері өтуде. Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің, Коммунистік партия мен Совет Үкметі басшыларының портреттері колонналар үстіне биікке көтерілген. Транспаранттар мен плакаттарда жарыстағы табыстар туралы, еңбек өнімділігін арттыру және жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жөнінде москвалықтардың шақыруы бойынша қабылданған міндеттемелер жазылған. Алматының 135 кәсіпорны төрт айлық жоспарды орындады.

ҚАРАҒАНДЫ

...Советтік баспасөз — біздің партиямыздың коммунистік қоғам орнату жолындағы күрестегі шын мәніндегі ең өткір және ең қуатты құралы.

Біздің партиямыз баспасөзді дамытып, оны нығайта түсу жөнінде тынбастан қамқорлық жасап келеді. Біздің елімізде Коммунистік партияның әділетті, шын сөзін халықтың барлық топтарына жеткізу үшін қажетті жағдайлардың барлығы да жасалған. Совет Одағында газеттер, журналдар мен кітаптар мейлінше көп шығарылады.

Елімізде орталық газеттермен бірге республикалық, өлкелік, облыстық және аудандық газеттер шығарылады. Одақтас республикаларда, өлкелер мен облыстарда жастар газеттері шығып тұрады. Сол сияқты, әдебиет, искусство, халық ағарту, ауыл шаруашылығы, транспорт қызметкерлерінің, халық шаруашылығының басқа да салалары қызметкерлерінің өздерінің газеттері бар.

Совет өкметі жылдарында Қазақстанда баспасөз мейлінше өркендеді. Республикамызда марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары қазақ тілінде жариялануда. Сол сияқты, орыс және дүние жүзі әдебиеті классиктерінің шығармалары көп тиражбен қазақ тілінде басылуда. Қазір республикамызда орыс, қазақ, ұйғыр, өзбек және корей тілдерінде үш жүздей газет шығарылады. Біздің облысымыздың өзінде орыс және қазақ тілдерінде екі облыстық және 11 аудандық газет шығарылады, олардың жалпы тиражы 84.500 дана.

Советтік баспасөз халыққа шындықты жеткізеді, оларды игі қасиетке, жоғары адамгершілікке тәрбиелейді, совет адамдарына коммунистік тәрбие береді. Советтік баспасөз халық мүддесін қорғайды, оның мүддесі үшін күреседі. Міне, сонділіктерді батыл сынап жазуға, ондай кемшіліктердің орын алу себептерін ашса білуге, сол сияқты, озат колхозшылардың, механизаторлардың жұмыс тәжрибелерін кеңінен насихаттап, ондай тәжрибелердің көпшіліктің игілігіне айналдырылуына жетісуге тиіс.

Мұнымен бірге, жергілікті газеттер еңбекшілерді халық тұтынатын товарларды көптеп шығару, барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыра беру күресіне жұмылдыра білуі керек.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы атап көрсеткендей, біздің ауыл шаруашылығымыздың әлі де артта қалуының негізгі себептерінің бірі оған басшылық ету дәрежесінің төмен екендігінде. Олай болса, газеттер ауылшаруашылық жұмыстарына партия басшылығының қалай жүзеге асырылып отырғандығын үнемі жазып, бұл салада орын алған кемшіліктерді кезінде батыл сынайтын болсын.

Сол сияқты, партия өмірінің барлық салаларын, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру мәселесін кеңінен жазып отыру — газеттердің ең негізгі міндеті.

Алда тұрған саяси- шаруашылық міндеттерді жүзеге асыруда төменгі баспасөз — қабырға газеттері зор роль атқарады. Бастауыш партия ұйымдары қабырға газеттерінің идеялық дәрежесін арттыра беру үшін қажетті шараларды қолданып, олардың редколлегияларына нақтылы көмек көрсетіп отыруға тиіс.

Коммунистік партия бастаған советтік баспасөз елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте бұдан былай да совет халқына лайықты қызмет ете береді.

---

...лағын болған. Лобанов жолдастың басқаруындағы № 7 бригадада бір күнде 3 плугтің пышақтары сынған. Бригадир көшпелі мастерскойдың келмеуі себепті плугтердің бөлшектерін МТС мастерскойына әкеліп жөндетуге мәжбүр болды. Бұл уақыттың ішінде жер жыртып жүрген тракторлар босқа қарап тұрды. «Красная крепость» колхозындағы № 62 «ДТ—54» тракторының тіркеуіші сынуы себепті трактор 5-6 сағат жұмыс істемеді.

Кейбір механизаторлар өздерінің міндеттеріне жауапсыз қарап, тракторларға кезінде техникалық күтім жүргізіп отырмайды. Чистян МТС-нің № 10 трактор бригадасының трактористі Бож жолдас өз жұмысына мүлдем жауапсыз қарап, тракторға кезінде техникалық күтім жүргізбеген. Осының салдарынан оған бекітіліп берілген № 60 «ДТ—54» тракторы блогының головкасы сынған. Бұл бөлшекті МТС мастерскойына апарып жөндетіп алып келгенше 12 трактор-жұмыс сағаты босқа өткен.

Мұндай кемшіліктер Суворов атындағы МТС-те де кеңінен орын алған. Көктемгі егістің алғашқы күндері мұнда 5 ...

...жарыстың ұйымдастырушылары болып есептеледі. Мұнымен бірге, агрономдар жерді жыртудың, жыртылған жерді жұмыстаудың, тұқым себудің агротехникалық ережелерге сай өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті. Бұл үшін олар әрбір бригадада, жұмысталып жатқан анызда үнемі болып тұруы керек. Бірақ, Конюхов ауданында агрономдардың жұмысына маңыз берілмейді. Олардың орынды ұсыныстары жергілікті партия, совет ұйымдарынан қолдау таппайды.

Куйбышев атындағы колхозды Чистян МТС-нің агрономы Синюков жолдас қамтыйды. Оның қамтуында 4 егіс және 2 трактор бригадасы бар. Бригадалардың аралығы 10 километрге дейін созылады. Алайда, колхоз басқармасы оны көлікпен қамтамасыз етпеген. Бұл жөнінде Синюков жолдас аудандық Совет аткомі мен партия комитетінің басшыларына да орынды тілек қойды. Бірақ, оның тілегі аяқсыз қалды. Осы сияқты, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы агроном Кузьменко жолдас та көлікпен қамтамасыз етілмеген.

Агрономдар үнемі егіс басында болуы керек... кемшіліктерді мойындаумен ғана істі тындырып, саяси- үгіт жұмысының кең өріс алуына қажетті жағдайлар туғызбай отыр. Жағдай «Путь Ильича» колхозында да осындай. Мұнда егіс, трактор бригадаларындағы вагоншалар плакаттар және ұрандармен безендірілмеген, онда кітаптар мен газет- журналдар жоқ. Егіс жұмыстары басталғалы механизаторлар мен бірде- бір рет әңгіме өткізілмеген. Көрсеткіш тақталарға күнделікті жұмыс қорытындылары жазылмайды.

Конюхов ауданында егіс жұмыстарының барысы қанағаттанғысыз. Алайда, аудандық партия комитетінің секретары Макаров, аудандық Совет аткомінің председателі Филиппенко жолдастар колхоздардың жағдайын жақсы білмейді. Олар колхоздарда жиі болып, оперативті басшылық жасау орнына телефон арқылы ғана «басшылық жасайтын» болған. Міне, сондықтан да олар 28, 29, 30 апрель күндері бірде- бір колхозда болған жоқ. Сондықтан да ауданда егіс жұмыстарының қарқыны баяу, сапасы нашар болып келеді.

**Т. КӘДІРОВ,**

**ҚАРАҚОҒА, (арнаулы тілшіміз).**

---

...ген. Бірінші май демонстрациясының колонналарында 7 мыңнан астам наградталған кеншілер және 900 құрметті шахтерлер бар. Колоннаның басында КБОС және ССРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алған көмірді толық комбайнмен өндіретін 31-шахтаның коллективі келе жатыр. Мереке алдында осы шахтаның кеншілері жоспардан тыс жыл басынан бері өндірілген 27 эшелон жөнелтті.

Бірінші май демонстрациясына жүз мыңнан аса адам қатынасты.

ГУРЬЕВ

Бірінші май мерекесі күнінде мұнайшылар мен балықшылардың қаласы қуанышты, әсем.

Бірінші май демонстрациясын оқушылар мен студенттер ашты. «Казахстаннефть» бірлестіктерінің қызметкерлері мерекеге өздерінің еңбектегі табыстары туралы рапорттарын ала шықты. Олар жанар май шығарудың апрель айының жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Сол сияқты, Бірінші май демонстрациясы Ақмола, Ақтөбе, Шымкент, Қостанай, Петропавл, Көкшетау, Өскемен, Семей, Павлодар, Талдықорған, Жамбыл, Қызылорда, Орал және Қазақстанның басқа қалаларында да болды. Республиканың ауылдары мен селоларында көп адам қатысқан митингтер болды. Барлық жерде де Бірінші майды мерекелеу партияның, үкметтің және халықтың мызғымас бірлігінің айқын демонстрациясына айналып біздің елімізде коммунизм орнату жолындағы қалтқысыз еріктің сипаттамасы болды.

(ҚазТАГ).

# Өнімді еңбек

Булаев ауданы, Сталин атындағы колхоздың егіншілері көктемгі дала жұмыстарына сақадай сай әзірлікпен кірісіп, оны ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Колхоздың егіс даласында Булаев МТС-нің төрт трактор бригадасы жұмыс істеп жүр.

Алғашқы екі күнде Д. Бизюк жолдас басқарған № 8 трактор бригадасының механизаторлары 349 гектар парды тырмалады. Бұдан кейін ол участоктерге тұқым себіле бастады. Сол сияқты, № 21 трактор бригадасы 70 гектар тың жер жыртты. Партияның шақыруымен тың жерді игеруге Москва облысынан келген жас патриот, тракторшы В. Шервенко жолдас «ДТ—54» тракторымен смена сайын 6—7 гектар тың жер жыртып, тапсырманы асыра орындап жүр.

Мұндай көрсеткіштерге № 7 трактор бригадасының механизаторлары да ие болуда. Быйыл тракторшы болып бірінші жыл істейтін В. Мәдиев, Х. Ысқақов, А. Цакаев жолдастар да іс тәжрибесі мол тракторшылардың жолдастық көмегімен техника қуатын жұмысқа өнімді пайдалануда. Олар сменалық тапсырмаларын үнемі толық орындап келеді. Колхозшылар да өздеріне жүктелген міндеттерді ұқыптылықпен атқарып, трактор бригадаларының қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде.

Колхозшылар мен механизаторлардың ынтымақты және өнімді еңбегінің нәтижесінде ... колхоздың егіс даласында кәзірдің өзінде 660 гектар зябь пен пар тырмаланып, тұқым себуге әзір етілді. 241 гектар жер дискеленді және 115 гектар тың жер көтерілді.

Колхозда егіс жұмыстарының қарқыны күннен- күнге арта түсуде.

**М. ЗАҒЫПАРОВ.**

# Егісті қысқа мерзімде аяқтау үшін

**МАРЬЕВКА. (Арнаулы тілшімізден).** Малғаждар Нұрманов жолдас басқарған № 11 трактор бригадасы Коновалов МТС-дегі алдыңғы қатарлы бригадалардың бірінен саналады. Быйыл бұл бригада «Бірлік» колхозында жұмыс істеп жүр.

«Бірлік» колхозында үстіміздегі жылы майлы егісті, техникалық дақылды және картоп пен овощьты қоспағанда тек дәнді дақылдың өзінен ғана 2114 гектар егін егіледі. Осыншалықты егістік жерді Нұрманов жолдас басқарған бригада мүшелері жұмыстап шығуға тиіс.

Бригаданың мүшелері өздерінің бұл міндеттерін жақсы біледі. Сондықтан да олар егіс жұмыстарына МТС көлемінде бірінші болып кірісті. Кәзір бұл бригадада егістік аланды жырту, дискелеу, тырмалау, оған тұқым себу жұмыстары қызу жүргізіле бастады.

МТС бригаданы быйыл жылдағыдан да қуатты техникалармен жабдықтады. Демек, бұл бригадада 6 трактор бар. Оларда техниканың тетігін жақсы білетін 12 тракторшы жұмыс істейді.

Тракторшылар егісті қысқа мерзімде салып шығу үшін көтеріңке міндеттеме алып, өзара социалистік жарысқа түскен болатын. Социалистік жарыста тракторшылар: М. Какажанов, Л. Аскт, П. Әубакіров, Б. Шағыров, К. Тажақметов, Ж. Баймулдин жолдастар алда келеді. Бұлар күнделік тапсырмаларын 110—130 проценттен орындап жүр.

Бригадада екі вагонша бар. Олар ұрандармен, плакаттармен безендірілген. Вагоншалардың біріне радиоқабылдағыш орнатылған, ол үнемі жұмыс істейді. Хат тасушы, орталық, республикалық, облыстық, аудандық газеттерді және журналдарды үздіксіз әкеліп, механизаторларға беріп тұрады.

Үгітші Баймулдин, Қасенов жолдастар механизаторлардың арасында жиі болып үгіт жұмысын жүргізеді. Ал, партия ұйымының секретары Ж. Смағұлов жолдас үгітшілерге үнемі көмектесіп, оларға үгіт жұмысын өндірістік міндеттермен ұштастыра жүргізу жолын үйретеді. Сол себептен де мұнда үгітшілердің жүргізген үгіті әсерлі болып келеді.

# ТЫҢ КӨТЕРУДІҢ ОЗАТТАРЫ

Сартомар МТС-нің Анохин және Ильященко жолдастар басқаратын трактор бригадалары быйыл «Красное поле» колхозының егіс даласында жұмыс істейді. Бұл бригадалардың механизаторлары өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей отырып, көктемде тұқым себілетін 400 гектар тың жерді ең қысқа мерзімде жыртып, өңдеуге міндеттеме алған болатын. Олар жұмыстың алғашқы күнінен бастап өнімді еңбек етті. Осының нәтижесінде кеше — 4 май күні колхоз даласында 415 гектар тың көтеріліп, алған міндеттеме мерзімінен бұрын және артығымен орындалды.

Осы бригадалармен социалистік жарысқа түскен, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында тың жер игеруде жұмыс істейтін Қалықов, Ахметов жолдастардың трактор бригадалары да айтарлықтай табысқа ие болып келеді. Бұлардағы механизаторлар 700 гектар тың жер жыртып, оны тұқым себуге әзір етті.

Екі колхоздағы трактор бригадаларының да жыртқан тың жерлерінің сапасын колхоз басқармалары жақсы деген бағамен қабылдады.

Кәзір механизаторлар тың жерлерге жаздық қатты бидай тұқымын себуді қызу жүргізуде.

**Ш. БАТЫРБЕКОВ.**

# Әрбір вагонге көп жүк артылсын

ЖАМБЫЛ, 26 апрель. (ҚазТАГ). Жамбыл суперфосфат заводының коллективі минералдық тыңайтқыштарды жоспардан тыс көп беру үшін күресуде. Кәсіпорынның транспортшылары жүкті тезірек жөнелту үшін, вагондардың жүк көтеру күшін бұрынғыдан да жақсы пайдалану үшін қажырлылықпен еңбектенуде.

... Заводқа келетін жолдың үстінде жүк тиейтін состав тұр. Вагондарға суперфосфат тиелуде. Барлық жұмыс механикаландырылған, сағаттық график мүлтіксіз орындалуда. Жүк тиеушілер Мударисов, Шелепа, Гордеев жұмысты жаңаша істеуді ұсынумен бірге, өздері де еселеген қарқынмен жүк тиеуде. Олар суперфосфаттың вагонның барлық аланына бір қалыпта орналасуын, бұрыштардың толтырылуын қадағалап бақылауда.

## ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

ҚАРАҒАНДЫ, 28 апрель. (ҚазТАГ). Қарағандының шахталары мен құрылыстарында ССРО Жоғарғы Советінің сессиясының материалдарымен танысуда.

— Жаңа бюджет, — дейді 33—34-ші шахтаның атақты механизаторы Байдәш Нұрмағанбетов, — біздің мемлекетіміздің халыққа көрсетіп отырған қамқорлығының айқын сипаттамасы.

# Көтерілген алғашқы жүз мың гектар тың

АЛМАТЫ, 3 май. (СОТА). Қазақ ССР-нің колхоздары мен МТС-тері және совхоздары алғашқы жүз мың гектар тың және тыңайған жерлерді айырды. Ол жерлерге жаздық бидай, көбінесе қатты бидай себілді. Республикада жаңа жерлерді игеруде 5 мыңға жуық дизель тракторлары жұмыс істеп жүр.

МТС-тер мен совхоздардың, жылқы заводтарының трактор отрядтары мен бригадалары арасында тың жерлерді қысқа мерзімде көтеруді орындау үшін социалистік жарыс қыза түсті.

Павлодар облысы, Каганович ауданы, Коминтерн атындағы колхозда жаңа жерлерді Ленин МТС-нің А. Каверин бастаған трактор бригадасы көтеріп жүр. Бұл бригада толығымен мұнда Тамбов облысынан келген. Бірінші күннен бастап бригада техниканы өте жоғары өнімділікпен пайдалануда, агротехникалық ережелерді мүлтіксіз орындауда. Алтай өлкесінен келген В. Феденина басқарған трактор бригадасымен жарысқа түсіп, Каверин бригадасының механизаторлары алғашқы бес тәулік ішінде 350 гектар тың айырып, тапсырысты әлде қайда асыра орындады. Мұнда әрбір минут есепте, машиналарды техникалық жағынан күту қатты бақыланады.

Сол сияқты, Кавериннің бригадасымен Азербайжаннан Ленин МТС-іне келген Г. Лукьянов басқарған бригаданың тракторшылары да жарысуда. «Еңбекші» колхозында соңғы тәуліктердің ішінде тракторшылар М. Русанов және М. Лыткин 35 гектар тың жыртып, норманы бір жарым есе асыра орындады.

Қазақстанда жаңа жерлерді көтеруші МТС, совхоздар және жылқы заводтарының 2 мыңға жуық трактор бригадалары өзара жарысуда.

## МОСКВА БАССЕЙНДЕРІНІҢ ШАХТАЛАРЫ ҮШІН КОМБАЙНДАР

ГОРЛОВКА, 3 май. (СОТА). Горловканың машина жасаушылары мен Москва түбіндегі бассейн шахтерлерінің арасында достық нығая түсуде. Киров атындағы Горловка заводы Москва түбіндегі кеншілерге көптеген «Донбасс» комбайндарын, үлкен қуатты қыртысталып жатқан көмірді қопаруды механикаландыру үшін арналып шығарылған қазу машиналарын, вентилятор және басқа жабдықтар жіберді.

# ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

## Механизаторларға жасалып отырған қамқорлық

Партия ұйымы МТС-тің кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, көктемгі егіс күндерінде механизаторларды мәдениетті қамтуға бағытталған біркатар шараларды жүзеге асыруда. Бұл жөнінде арнаулы жұмыс жоспары жасалып, ол партия жиналысында бекітілді.

МТС- те 12 трактор бригадасы бар. Осы бригадалардың бәрі вагоншалармен қамтамасыз етілген. Олардың іші партия мен үкмет басшыларының портреттерімен, плакаттармен және ұрандармен безендірілді. Әрбір вагоншада шағын кітапхана, радиоқабылдағыш, патефон, шахмат, дойбы және түрлі газеттер бар.

Біздің станцияда соңғы уақытка дейін тұрақты кітапхана болған жоқ. Сол себепті механизаторлар кітап оқу үшін колхоздың немесе селолық Советтің кітапханасына баруға мәжбүр болатын. Кәзір МТС-тің өзінде тұрақты кітапхана жұмыс істей бастады. Ол түрлі әдебиет кітаптарымен толықтырылуда.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі МТС кітапханасына арнап 1 мың дана кітап, радиоқабылдағыш, патефон, шахмат, дойбы және түрлі бірнеше дана орталық газеттерді жаздырып жіберді. Мұның үстіне Петропавл қаласының комсомолецтері мен жастары жақсы көмек көрсетті. Олар МТС механизаторларына 500 кітап жіберіп, село адамдарының рухани тілегін өтеуге лайықты үлес қосты. Бұл кітаптардың ішінде саяси, көркем, техникалық, ауылшаруашылық және басқа әдебиеттер бар. Кәзір МТС кітапханасындағы кітаптың саны—1600 дана.

Әрбір трактор бригадасына арналып жылжымалы кітапхана ұйымдастырылды. Мұндағы кітаптар апта сайын ауыстырылып отыратын болады.

Партия ұйымы механизаторлар арасындағы саяси жұмысты жақсарту мақсатымен үгіт коллективінің құрамын қайта қарап, толықтырды. Кезекті әңгімеге әзірлену, оны өткізу жөнінде апта сайын үгітшілермен семинар- кеңестері өткізіліп тұрады. Олар механизаторлардың сменалық жұмыс нәтижелерін көрсеткіш тақталарына жазады, механизаторлардың арасындағы социалистік жарыска әрбір бес күн сайын қорытынды жасауға көмектеседі.

Комсомолецтер мен жастардың күшімен мәдени- үгіт бригадасы жұмыс істейді. Оның құрамында баяндамашылар тобы және көркемөнерпаздар үйірмесі бар. Үгіт бригадасы трактор бригадаларында ауылшаруашылық тақырыптарында, халықаралық жағдай туралы лекциялар оқып, баяндамалар жасайды. Көркемөнерпаздар үйірмесінің күшімен механизаторларға концерт қойылады.

Партия ұйымының инициативасы бойынша станция дирекциясы механизаторлардың мамандығын жетілдіре беру мақсатымен трактор бригадаларында аптасына төрт сағат лекция ұйымдастыруды

## Коммунистердің саяси оқуы

Партия оқуы жылының аякталуына көп уақыт қалған жоқ. Партия ұйымдарының кәзіргі басты міндеті кешкі партия мектептері мен үйірме сабақтарының сапасын жақсарту арқылы тыңдаушылардың оқу программасын терең меңгеруіне, сөйтіп, оқу жылын үлгілі аяқтауға жетісу болып отыр. Бұл міндеттің орындалуы партия ұйымдарынан партия насихатына басшылықты анағұрлым жақсартуды, оны күнбе- күн бақылауға алып отыруды талап етеді.

Октябрь ауданының партия ұйымы быйыл өткен жылдарға қарағанда коммунистердің саяси оқуына жете назар аударуда. Насихатшылардың сабаққа әзірленуі, тыңдаушылардың сабаққа қатысуы партия ұйымдары тарапынан мұқият бақылауға алынды. Сонымен қабат, саяси сабақтың барысы, тыңдаушылардың сабаққа қатысуы және әзірлігі партия жиналыстары мен бюро мәжлістерінде талқыланып тұратын болды.

Үстіміздегі жылы аудан бойынша партия оқуының жүйелеріне бір мыңнан астам коммунистер мен партияда жоқ активтер қамтылды. Тек СОКП тарихын үйренетін үйірмелер мен кешкі партия мектебінде 730 адам оқып жүр. Олардың 400-ден астамы СОКП мүшелері мен партия мүшелігіне кандидаттар.

Аудандағы бірқатар үйірмелердің насихатшылары сабақты идеялық жоғары дәрежеде өткізу арқылы тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға, олардың марксизм- ленинизм теориясын терең түсіне меңгеруіне жетісуде. Бұлардың қатарында Абай атындағы колхоздағы СОКП тарихын үйренетін үйірменің насихатшысы К. Ақынов және Ленин атындағы орта мектептегі тарихи және диалектикалық материализмді үйренетін үйірменің жетекшісі С. Сауытбеков жолдастар бар.

Бұл насихатшылар сабаққа тыңғылықты әзірленеді. Өтілетін материалға байланысты көрнекі құралдарды, көркем әдебиеттерді күнілгері әзірлеп алып, оқудың барысында орында пайдаланылады. Жаңа тақырыпты Пленум қаулыларымен, жергілікті материалдармен үнемі байланыстырып отырады. Бұл тыңдаушылардың сабаққа деген ынталылығын арттыруына, олардың оқу материалын терең меңгеруіне айтарлықтай әсер етуде.

Абай атындағы колхоз партия ұйымының секретары Жағыпаров, Ленин орта мектебі партия ұйымының секретары Тайжанов жолдастар тыңдаушылардың сабаққа қатысуын және әзірлігін күнбе-күн бақылап отырады, саяси сабақтың барысы жөнінде партия жиналыстарында мәселе қаралады. Мұның бәрі үйірме сабағының сапалы өтуіне мүмкіндік беріп келеді.

Алайда, партия оқуының жайы барлық жерде бұлай болмай отыр. Әсресе, «Пламя», «Дружина», «Победа» және «Заря коммунизма» колхоздарында үйірме сабақтары мезгілінде өтпейді. Ал, өткен күннің өзінде оған тыңдаушылар тегіс қатыспайды. Аталған колхоздарда СОКП тарихын үйренетін үйірмелердің насихатшылары Гриценко, Укомский, Андронов жолдастар сабаққа әзірліксіз келеді, оны үстірт өткізеді.

Бұған алдымен бастауыш партия ұйымдары кінәлі. «Пламя», «Победа», «Заря коммунизма» колхоздарының партия ұйымдары, оның секретарьлары Омаров, Укомский және Незнамов жолдастар тек шаруашылық мәселелерімен ғана айналысып, партия оқуын ұйымдастыруды екінші кезекке қалдырған.

Рас, аудандық партия комитеті, оның насихат және үгіт бөлімі партия оқуына басшылықты жақсартуда колхоз партия ұйымдарына жеткілікті көмек көрсетпеді. Бөлімнің қызметкерлері жергілікті жерлерде аз болады. Олар көп жағдайда колхоз партия ұйымдарымен телефон арқылы байланыс жасап, үстірт нұсқау беріп келді. Біз тәжрибелі насихатшылардың сабақ беру әдісін зерттеп, оны басқа да насихатшылардың игілігіне айналдыру ісімен тым аз шұғылдандық.

ҚКП аудандық комитеті осы кемшіліктерді жоюға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асырды. Аудандық комитеттің қызметкерлері, МТС аймағындағы топтардың нұсқаушылары колхоздарда жиі болып, жергілікті партия ұйымдарына практикалық көмек көрсетті, олармен бірлесе отырып, насихатшылардың семинар- кеңестерін өткізді. Мұның өзі насихатшылардың жұмысын едәуір жақсартуға мүмкіндік беруде.

Ауданның партия ұйымдары СОКП XIX съезінің, сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулыларын басшылыкка ала отырып, коммунистердің Маркстің — Энгельстің —Лениннің —Сталиннің жеңімпаз ілімін творчестволықпен оқып, меңгеруіне жетіседі.

**А. РЕШЕТНЯК,**

**ҚКП Октябрь аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.**

## Қос басындағы үгіт

Молотов атындағы колхоз (Полудень ауданы) көктемгі дала жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізуде. Колхозшы шаруалар мен механизаторлар еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні — Бірінші май мерекесін еңбектегі жаңа табыстармен қарсы алды. Колхозда жүздеген гектар зябь пен пар тырмаланып,

нормасын 125 процент орындайтын тракторшы Иванов жолдастың қажырлы еңбегін көпшілікке өнеге етті. Өз міндетіне немкетті қарап, 3 гектар жердің сапасыз тырмалануына жол берген тіркеуші Юрченко жолдасты қатаң сынға алды.

Үгітшінің әңгімесінен кейін бригада мүшелері бірінен соң бірі сөз сөйлеп, тех-

## Машина жасаушылардың еңбек өнімділігін арттыру қорлары

Алматыда Қазақ ССР Ғылым академиясы ғалымдарының, республика астанасындағы машина жасайтын кәсіпорындарының инженер- техник қызметкерлері мен өндіріс озаттарының екі күнге созылған ғылми-өндірістік конференциясы аяқталды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының экономика институтының аға ғылми қызметкерлері экономика ғылымының докторы профессор Бровер «Алматының машина жасау заводтарында еңбек өнімділігін арттыру қорлары» деген тақырыпта баяндама жасады. Ол ауыр машина жасау заводында, Электр станциялары мен электр өнеркәсібі министрлігінің механикалық заводында және Ауыл шаруашылығы министрлігінің жөндеу- механикалық заводында соңғы бес жылда еңбек өнімділігінің едәуір арттырылғанын атап айтты.

Механикалық заводтың директоры Сысенко жолдас озат технологияны өндіріске енгізу туралы баяндама жасады. Ол кейбір бөлшектердің беріктігінің артық запасын жою есебінен конвейерлердің конструкцияларын жеңілдету жөніндегі тәжрибені ортаға салды. Стационар конвейер муфтасы салмағының үштен бірін кеміту бұл бөлшекті жасауға кететін еңбекті 12 процент кемітті. Конвейердің басқа бірқатар бөлшектерінің конструкцияларын өзгерту бұл бөлшектерді жасауда еңбек өнімділігін 25 процент арттыруды қамтамасыз етті.

Жөндеу- механикалық заводтың директоры Зарубинский жолдас өзінің қосымша баяндамасын техникалық нормалауды ұйымдастыруға арнады. Ауыр машина жасау заводының жоспарлау бөлімінің бастығы Бурцев жолдас конференцияға қатысушыларға заводтың ішкі жұмысын жоспарлауды ұйымдастыру туралы айтып берді.

Баяндамалар қызу жарыссөз туғызды. Ауыр машина жасау заводының жоспарлау бөлімі бастығының орынбасары Привман жолдас кәсіпорынның біртектес машиналарды өндіріске партиондық әдіспен жіберу есебінен еңбек өнімділігін едәуір арттырғаны туралы айтты. Ол машина жасау заводтарында еңбек өнімділігін жалпы өнімнің шығарылуына қарай анықтаудан бастартуды ұсынды, өйткені, бұл әдіс істің шын мәніндегі жайын соншалықты дәл көрсете алмайды. Бұл, әсресе, басқа заводтармен бірігіп жұмыс істейтін кәсіпорындарына жатады. Жөндеу -механикалық заводының фрезеровщигі Григорьев жолдас үш фрезер станогінде жұмыс істеу жөніндегі тәжрибесін ортаға салып, қаладағы біртектес кәсіпорындары жұмысшыларының творчестволық байланысын күшейтуге тілек білдірді. Алматының ауыр машина жасау заводының карусельщигі Белоусов жолдас, жөндеу- механикалық заводтың жоспарлау бөлімінің бастығы Маслов жолдас, ауыр машина жасау заводының токарі Мейтала жолдас және

## Совет-ливан сауда қатынасы жайында

Совет-ливан келіссөздерінің ойдағыдай аяқталуының нәтижесінде, 1954 жылдың 30 апрелінде, Бейрутте екі елдің арасындағы сауда және кеме қатынасын, сол сияқты, өзара алыс- беріс тәртібін орнататын ССРО мен Ливан арасында Сауда және Төлем келісіміне қол қойылды.

Совет Одағынан Ливанға жөнелтілетін экспортқа келісім бойынша белгіленген совет товарларының қатарына мыналар жатады: ара материалдары, көмір, қағаз, химиялық, товарлар, дәрі-дәрмектер, жабдықтар, автомашиналар, ауыл шаруашылығының машиналары, кинофильмдер, баспасөз шығармалары және басқа товарлар.

Ливаннан ССРО-ға жөнелтілетін экспорт үшін ливан товарларының тізімінде цитрус және басқа жемістер, өсімдік майлары, жүн, былғары және ұлтан, терітерсектер, жүн маталары және кейбір тағы басқа товарлар бар.

Келісім бір жылға жасалған және егер екі жақтың, бірде- бірі келісімді бұзу туралы тілек білдірмесе, келісім мерзімі жыл сайын өзінен өзі ұзара беретін болады.

Сауда және Төлем келісіміне қол қойылумен бірге Ливанда ССРО-ның Сауда өкілдігін орнату және оның статуты туралы өзара хат алысты.

Совет жағынан Сауда және Төлем келісіміне ССРО-ның Ливандағы елшісі В. А. Беляев, ССРО-ның Ливандағы Миссиясы жанындағы Сауда Атташесі Л. С. Ежов, Ливан жағынан—Ливанның Сыртқы істер министрі А. Наккаш қол қойды.

## Орденді машинист

Тихон Трифонович Фоменко — жолаушылар поезының машинисі. Мұндай жұмыс жоғары мамандығы бар машинистке ғана жүктеледі. Бұл міндетті Фоменко жолдас мінсіз атқарып келеді. Ол жүргізген поездың жолда бөгеліп, графиктен кеш келген кезі болған емес. Жаздың тымырсыған ыстығы мен қыстың сақылдаған сары аязында да тәжрибелі машинист поезды станцияларға графиктен бір минут те кешіктірмей жеткізеді.

Поездың жолда кешігуінің себептері түрлі-түрлі. Петропавл паровоз депосында составтың жол бойында тоқтап, белгілі мерзімнен кешігіп келуі кездесіп жүр. Бұл кейбір машинистердің локомотивті дұрыс техникалық күтімде ұстамауынан болады. Кейбір машинистер буды орынсыз жібереді де, оттықты мезгілімен тазаламайды. Сөйтіп, поездың жол үстінде кешігуін ауа райының қолайсыздығынан, көмірдің нашарлығынан деп дәлелдеуге тырысады.

Барлық паровозшылар, оның ішінде Фоменко жолдас та бір жағдайда жұмыс істейді. Ендеше Фоменко жолдас поезды график бойынша жүргізуге қалай жетісіп отыр? Ең алдымен ол өз ісін сүйіп істейді. Бригада мүшелерінен де соны талап етеді. Ол локомотивті әрқашан жоғары техникалық күтімде ұстайды. Міне, сондықтан да оның паровозы жол үстінде тоқтап, мезгілсіз жөндеуге қойылып көрген емес. Кәзір оның локомотиві мыңдаған километр жол жүрді. Бірақ, ол бір рет те күрделі жөндеуге қойылған жоқ. Луниндік әдісті қолданудың нәтижесінде локомотивтің детальдарының жұмысқа пайдаланылу мерзімі нормадағыдан екі-үш есе ұзартылды. Локомотивтің поршень, орталық крейцкопфтың подшипниктері орта жөндеу кезінде ғана ауыстырылады. Ал, пресс-майлағыш поршень және золотник сақыйналары локомотивтің 50—60 мың километр жол жүруіне дейін шыдайды.

Тихон Фоменко жолдас — жоғары разрядты слесарь. Слесарь мамандығын оның кезектесі, көмекші машинистер мен теру, мамандығын арттыру ісімен үзіліксіз шұғылданып отырады. Осымен бірге Фоменко жолдас паровоздың техникалық күтімін жақсарту мақсатымен детальдарды бақылау үшін бригада мүшелеріне бөліп берген. Бригаданың әрбір мүшесі паровоздың белгілі бір бөлшектерін өзінің жауапкершілігіне алып, оған техникалық күтім жасайды. Бұл бригадада еңбек тәртібінің нығаюына, әрбір сапардың сәтті болуына қолайлы жағдай туғызуда.

Фоменко жолдастың бригадасы қыс жағдайында жұмыс істеуге жақсы әзірлікпен кірісті. Сондықтан да бригада қыс басынан бері жолаушылар поезын график бойынша жүргізіп, жоғары көрсеткіштерге жетуде.

—Әрбір сапар машинист үшін үлкен сын,—дейді Фоменко жолдас. — Поезды тоқтаусыз жүргізіп, бұл сыннан мүлтіксіз өтіп отыру керек.

Оның бригадасы әрбір сапарға мұқият әзірленеді. Сапарға шығар алдында Фоменко жолдас локомотивтің техникалық жайын тексеріп шығады, поезды ешбір хауіпсіз жүргізуге, оны станцияға мезгілінде жеткізуге барлық жағдайды жасайды. Поезды уақытылы жүргізу үшін ол сапарға шығар алдында тіпті сағаттың түзулігіне дейін тексереді.

Жолаушылар поезын жүргізу және тоқтату ерекше мамандықты, сақтықты қажет етеді. Тәжрибелі машинист мұны ешқашан есінен шығармайды. Ол поезды әрқашан орнынан жұлқымай баяу қозғап жүргізеді. Тоқтатарда да осылай етеді.

Петропавл паровоз депосының аға машинисі Тихон Трифонович Фоменко жолдастың кеудесінде Еңбек Қызыл Ту ордені жарқырайды. Бұл жоғары награда оған темір жол транспортында көп жылдар бойы мінсіз еңбек еткені үшін берілген.

Аға машинистің бригадасы ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысқа қызу үштасып, паровоздың техникалық күйін жақсартуға, поезды график бойынша жүргізуге, отын мен материалдарды көптеп үнемдеуге жә-

ұйғарды. Бұл лекцияларды оқуға инженерлер, механиктер, бригадирлер және озат механизаторлар қатыстырылуда.

Трактор бригадаларын киномен қамту үшін арнаулы машина бөлінді. Жылжымалы киноустановка орнатылған бұл машина механизаторларға аптасына екі рет кинокартиналар көрсетіп отыратын болады. Сол сыяқты, әрбір бригаданы жылжымалы дүкен қамтыйды. Дүкенде механизаторларға қажетті көпшілік тұтынатын заттар болады.

Механизаторларды мәдениетті қамту ісінде кемшіліктер де жоқ емес. Бұған алдымен аудандық тұтынушылар одағы кінәлі. Өйткені, тұтынушылар одағы, оның председателі Батырев жолдас жергілікті магазиндерге мәдени товарларды жеткізуге жете көңіл бөлмей отыр. Соның салдарынан біз механизаторлардың кейбір тұтыну қажеттерін өтей алмай отырмыз. Ал, шынында сауда орындары тұтынушылар қажетін өтеу мәселесімен күнбе-күн шұғылдануға тиіс.

МТС партия ұйымы бұл кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар белгіледі. Ол механизаторлардың мәдени және рухани тілегін қанағаттандыру үшін қолда бар мүмкіншілікті жете пайдаланады, сөйтіп, көктемгі егістің қысқа мерзім ішінде ойдағыдай өтуіне жетіседі.

**Г. КУНГУРЦЕВ.**

**Николаев МТС-і партия ұйымының секретары.**

---

терілді. Егіс даласында социалистік жарыс барған сайын қыза түсуде.

Колхоз партия ұйымы колхозшылар мен механизаторлардың көктемгі дала жұмыстарындағы табыстарын ұйымдастырушы болып отыр. Коммунистер мен комсомолецтер өндірістің шешуші учаскелерінде тракторшы, тіркеуші, тұқым себуші болып істеумен бірге, егіншілер арасында бұқаралық-саяси жұмыстарды ұйымдастырады. Мәселен, тракторшы Қ. Малдыбаев, тіркеуші А. Потанин жолдастар трактор бригадасындағы механизаторлар үшін дауыстап газет оқыйды, әңгімелер өткізеді. Үгітшілер өздерінің әңгімелерін колхозшылар мен механизаторлардың алдында тұрған өндірістік міндеттермен тығыз байланыстырып, оларды еңбек өнімділігін арттыру, көктемгі дала жұмыстарын қысқа мерзімде, сапалы өткізу мақсатына жұмылдырады.

Үгітші Қ. Малдыбаев жолдас соңғы бір әңгімесін ССРО Жоғарғы Советінің сессиясының документтеріне арнады. Ол ССРО-ның 1954 жылға арналған бюджеті Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің саясатына сәйкес еңбекшілердің әл-ауқат және мәдени дәрежесін онан әрі арттыру мақсатына, советтік Отанымыздың күш-қуатын нығайта беру мақсатына жұмсалатынын түсіндіре келіп, механизаторлардың халық алдындағы борышына тоқталды. Сөйтіп, үгітші бригаданың бір сменадағы жұмысына қорытынды жасады. Егістік жерді тырмалауда агротехникалық шараларды қатаң сақтау жөнінде пікір алысты. Әңгімеден кейін үгітші бригаданың бір сменадағы жұмыс қорытындысына арнап, жауынгерлік листоктың кезекті санын шығарды. Онда өндіріс озаттарының жұмыс тәжрибелері жазылды, жұмыста артта қалғандар сыналды.

Мұндай әңгімелер колхоздың егіс даласында жиі өтеді. Колхоз партия ұйымының секретары Криворучко жолдас үгітшілермен жиі кездесіп, оларға саяси үгітті әсерлі ұйымдастыру жөнінде қажетті кеңес береді.

Егіс бригадаларында механизаторлар мен колхозшылардың мәдениетті тынығып, дем алуларына қажетті жағдайлар жасалған. Мұнда 2 вагонша бар. Олардың әрқайсысында радиоқабылдағыш орнатылған. Вагоншалар музыкалық аспаптармен жабдықталған. Егіншілерді жылжымалы кітапхана қамтыйды. Онда ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде, көркем әдебиет кітаптары және газет-журналдар бар.

Колхоз партия ұйымы егіс даласында партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыруда ие болған алғашқы табыстарын онан әрі баянды етіп, колхозшы шаруалар мен механизаторлардың социалистік жарысының жоғары ұстауына, көктемгі дала жұмыстарының агротехникалық қысқа мерзімде өтуіне жетісуіне сенім зор.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**

**(Өз тілшіміз).**

---

басқалары кәсіпорынның жұмысын жоспарлағанда еңбек өнімділігін арттырудың қол жеткен дәрежесінің және оны онан әрі арттырудың нақтылы мүмкіншіліктерінің тиісті дәрежеде есептелмейтіні туралы айтты. Осының салдарынан кей реттерде тапсырмалар өте төмен болады, сөйтіп қызметкерлерді еңбек өнімділігін арттырудың қорларын табуға жұмылдырмайды. Өндірісті жоспарлаудағы және ұйымдастырудағы кемшіліктер құрал-жабдықтар мен жұмысшылардың бос тұруына, кәсіпорынның бірқалыпты жұмыс істемеуіне әкеліп соғады. Мұнымен бірге, Алматының кәсіпорындарында металды шапшаң және қалың жонудың станокшылардың жұмысындағы тұрақты әдіске әлі күнге айналмағаны атап көрсетілді. Конференцияға қатысушылар еңбек өнімділігін арттырудың қорларын көрсетіп, өндірісті жетілдіру жөнінде нақтылы ұсыныстар жасады.

Конференция қала кәсіпорындарында еңбек өнімділігін онан әрі арттыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар белгіледі. Конференцияның қорытындылары туралы кітапша шығару ұйғарылды.

(ҚазТАГ).

---

## Шевченко болған жерлерде

АРАЛ, (ҚазТАГ). Шевченко атындағы колхоздың жүздеген балықшылары «Тарас Шевченко — Қазақстанда» деген лекцияны тыңдау үшін клубқа жыйналды...

Бұл жерлердегі көп нәрселер украин халқының даңқты ұлын еске түсіреді. Т. Г. Шевченко айдауды осы жерде өткізген. Клубтың қарсысында — постаментке Т. Г. Шевченконың бюсті орнатылған. Оның есімімен аталатын жарты аралда қыя тас бар, ол ақынның тынығатын сүйікті орны болған деседі. Т. Г. Шевченко бірнеше рет болған Райм қамалының мүжіліп құлаған орны сақтаулы.

... Мұнда Т.Г. Шевченко болғаннан бері Арал бойында көп нәрселер өзгерді. Аралдың жазық даласы кісі танымастай болған. Совет өкметі жылдарында бұл жерлерде әдемі салынған балықшылардың ондаған мекендері мен балық заводтары өсіп ұлғайды. Қазір Арал бойында 70 мектеп, 34 селолық мәдени-ағарту мекемелері, 22 дәрігерлік участок, ондаған радиоторaптары, электр станциялары, балалар бақшасы және балалар яслилері бар. Жыл сайын балық аулайтын колхоздарды механикаландыру жұмысының дәрежесі өсіп келеді. Олар жаңа техникамен қарулануда.

Аралдықтар Украинаның Россияға қосылуының 300 жылдығын кең атап өтуде. Колхоздарда, кәсіпорындарда, мектептерде, клубтар мен кітапханаларда украин жазушыларының шығармаларынан көрмелер ашылып, фотомонтаждар ұйымдастырылған. Жүзден астам үгітшілер Украинаның Россияға қосылуының тарихи маңызы туралы әңгімелер өткізуде.

---

көмекшілер де жөндейді. Бұлар вагондардың көпшілігін өздері жөндейді. Депоға қолдарынан келмейтін бөлшектерді ғана жөндеуге береді. Сондықтан локомотив депода жөндеуде көп бөгелмейді. Поездаралық жөндеуді бұлардың паровозы тіпті білмейді. Жыл сайын Фоменко жолдастың бригадасы жөндеуден, материалдар мен отынды ұқыпты жұмсаудан көптеген қаржы үнемдейді.

Паровозды хәуіпсіз жүргізу үшін бригада мүшелерінің техникалық білімін арттырудың зор маңызы бар екенін Фоменко жолдас жақсы біледі. Бригада мүшелері өздерінің техникалық білімін көтерді. Мәселен, февраль айында орденді машинистің бригадасы паровоздың техникалық жылдамдығы, орта тәуліктік жүрісі және оның айналымы жөніндегі нормалардың бәрін артығымен орындап шықты. Сөйтіп, бригада 29 тонна отын үнемдеп, онымен сәтті сапарлар жасады. Бригада май айында да паровоздың техникалық жылдамдығын арттыра отырып, поезды график бойынша жүргізіп келеді.

Қазір орденді машинистің бригадасы локомотивті шапшаң жүргізіп, жаңа табыстарға жету жолында аянбай еңбек етуде.

**Б. СЕРКЕБАЕВ.**

---

## Товар айналымын тездете береміз

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында сауда мәдениетін батыл көтеріп, товар айналымын тездету, сатып алушыларды үлгілі қамту міндетін қойды.

Біздің магазиннің коллективі совет саудасының мәдениетін көтеру, тұтынушыларды қамтуды жақсарту, осы арқылы товар айналымын тездету жолында бірқатар жұмыстар істеп отыр. Осы жылғы январь, февраль айларында товар айналымының жоспары артығымен орындалды. Ондаған мың сомның товарлары жоспардан артық сатылды.

Тұтынушыларды жақсы қамтый отырып, магазиннің сатушылары март айында да үздік табыстарға жетті. Товар айналымының апрель айына тағайындалған жоспары мерзімінен бұрын толық орындалды. Ал, бірінші тоқсанның жоспарын мерзімінен бұрын және артығымен орындап шықтық.

Товар сатуда аяқкиім бөлімінің сатушысы Анненкова жолдас үздік табыстарға ие болып келеді. Ол тұтынушыларға қажетті товарларын тез тауып беріп отырады. Осымен бірге, ол тұтынушыларға сатып алған товарларын орап, буып-түйіп береді. Сөйтіп, Анненкова жолдас аяқкиім сатудың айлық жоспарын ұдайы толық және асыра орындап келеді. Ал, товар сатудың апрель айына белгіленген жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты.

Вагапов жолдас магазинде бірнеше жылдан бері сатушы болып істейді. Ол да тұтынушыларды мінсіз қамтып, товар сату жоспарын ай сайын артығымен орындап келе жатқан сатушылардың бірі.

Сол сыяқты, мата бөлімінің сатушысы Булушова, дайын бұйымдар бөлімінің сатушысы Вихневич жолдастар да тұтынушыларды қамтуда мінсіз еңбек етіп келеді.

Сатып алушылардың өскелең қажетін мінсіз өтеу — аса құрметті және жауапты іс. Олардың магазиннен күнбе-күн тұтынуға қажетті барлық товарларды сатып алғысы келеді. Сондықтан да біз тұтынушылардың керексінуін терең зерттеп, магазинде сатылатын товарлардың: матаның, тігулі киімдердің, аяқкиімдердің, галантерея бұйымдарының мезгілінде және жеткілікті түсуін алдын-ала қарастырып отырамыз. Мәселен, біз көктем мен жазды күндері киілетін аяқкиімдерді бұдан көп бұрын жеткілікті етіп дайындап алған едік. Қазіргі уақытта тұтынушыларға аяқкиімдерді көптеп сатуға зор мүмкіндік туды.

Жергілікті өнеркәсіп орындарымен де тығыз байланыстамыз. Магазинге жергілікті кәсіпшілік артельдері мен өндіріс комбинаттарынан тігулі киімдер түсіп тұрады. Тұтынушылар осы киімдердің тігілу сапасы, олардың әдемілігі жөніндегі тілектері мен талаптарын ең алдымен сатушыларға білдіреді. Біз оны дереу халық тұтынатын товарлар өндіретін кәсіпорындарына хабарлап, олардың киімді сапалы етіп тігуіне әсер етіп отырамыз.

Осының нәтижесінде қазір магазинге жергілікті артельдер мен комбинаттардан түсетін тігулі киімдердің және аяқкиімдердің сапасы біраз жақсарды. Қаладағы Сталин атындағы кәсіпшілік артелінен түсетін аяқкиімдердің, «1 Май» кәсіпшілік артелі мен қаланың өндіріс комбинатынан түсетін тігулі киімдердің сапасы едәуір жақсарды. Жуырда Сталин атындағы кәсіпшілік артелінен магазинге былғары аяқкиімдер түскен еді. Мұны тұтынушылар түсісімен-ақ түгел сатып алды.

Сауда жұмысын онан сайын жақсартып, товар айналымын тездету, тұтынушыларды қамту ісін үлгілі ұйымдастыру мақсатымен март айының бас кезінде сатып алушылар конференциясын өткіздік. Мұнда сатып алушылар сауда жұмысын жақсарту жөнінде өздерінің бағалы пікірлері мен ұсыныстарын айтты. Магазин коллективі оны мұқият еске алып, сауда жұмысын барған сайын жақсартуға ұйғарып отыр.

СОКП Орталық Комитетінің 1954 жылғы Бірінші майға арнаған ұрандарында сауда қызметкерлерінің алдына халықтың тілегін зерттеп, еңбекшілердің қажетті товарларға деген мұқтажының толық өтелуін қамтамасыз ету, совет саудасының мәдениетін арттыру міндетін қойды.

Сөз жоқ, біздің магазиннің коллективі өздерінің іскерліктері мен мамандықтарын барынша арттыра отырып, совет саудасының мәдениетін көтеру, товар айналымын тездету ісінде жаңа табыстарға жете береді.

**В. РЫБКО,**

**Қаладағы № 1 магазиннің директоры.**

---



Чистян МТС-нің А. Глазунов жолдас басқарған трактор бригадасы Конюхов ауданының Ленин атындағы колхозында тың жер жыртуда. Бұл игілікті жұмыста механизаторларға МТС коллективі мен колхоз мүшелері жан-жақты көмек көрсетуде.

Сол сыяқты, хат тасушы Самсонова тракторшыларға жаңа шыққан газеттер мен журналдарды, хаттарды күн сайын әкеліп тапсырумен көмектесуді ұйғарды.

СУРЕТТЕ: хат тасушы Мария Николаевна **Самсонова** жолдастың трактор бригадасының бригадирі **А. Глазунов**, тракторшы **Қ. Түлкібаев** жолдастарға жаңа шыққан газеттерді әкеліп тұрған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

# Партиямыздың идеялық қуатты құралы

1912 жылғы 5 майда большевиктік күнделікті «Правда» газетінің бірінші номері шықты. «Правда» біздің партиямыздың өзінің қатарын нығайту жолындағы, партияның төңірегіне еңбекшілер бұқарасын топтастыру жолындағы, патша, помещиктер және буржуазия өкметін құлату жолындағы күрестегі қуатты құралы болды. Содан бері бұл күн біздің еліміздің бүкілхалықтық мереке ретінде атап өтілуде.

Коммунистік партия, мәңгі жасайтын В. И. Ленин және оның ісін алға алып барушы кемеңгер И. В. Сталин баспасөзге әрдайым ерекше зор маңыз берген болатын. Ленин газетті —коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші ғана емес, сонымен қатар коллективтік ұйымдастырушы деп атады. Сталин баспасөзді партияның ең өткір және ең күшті құралы деп есептеді.

Совет баспасөзінің күштілігі оның халықпен мызғымас байланыстылығында, оның партия мен халықтың ісі үшін— коммунизм орнату үшін үздіксіз күресетіндігінде. Коммунистік партия мен Совет үкметінің саясатын басшылыққа ала отырып, баспасөз әрдайым біздің көп ұлтты ұлы мемлекетімізді онан әрі нығайту үшін, социалистік өнеркәсіп пен социалистік ауыл шаруашылығын барынша өркендету үшін, жұмысшы табы мен шаруалар одағын онан әрі нығайту үшін, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның мәдениетің және материалдық әл- ауқатын үнемі арттыра беру үшін күрестің орталығында болып келді және болып отыр. ССРО-да баспасөз сан миллиондаған еңбекшілердің шын мәніндегі ойы мен арманын білдіруші болып табылады, оны халық өз қолынан жасайды, ол халық мүддесіне қызмет етеді.

Біздің елімізде ССРО-ның барлық халықтарының тілдерінде мыңдаған газеттер, журналдар, кітаптар шығарылады. Осы баспасөздің бәрі де партияның шыншыл және ақыйқат сөздерін бұқараға жеткізеді, коммунизм орнатудың орасан зор міндеттерін жүзеге асыру жолында күресуге көмектеседі. Кәзір баспасөздің негізгі назар аударатын ісі етіліп партияның XIX съезі, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль- март Пленумдары алға қойған, сонымен қатар партия мен үкметтің бұдан кейінгі қарарларының халық пен мемлекеттің алдына қойған міндеттерін орындау жолында күресу болып отыр. Бұл міндеттердің түп негізі —халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетуге, Отанымыздың нығаюына және гүлденуіне, халықтың өскелең материалдық және мәдени керектерін қанағаттандыруға партияның үнемі және күнбе-күн қамқорлық жасауы болып табылады.

Коммунистік партияның әрдайым қамқорлық жасайтын ісі ауыр өнеркәсіпті, әсресе машина жасауды өркендету болып табылады, мұнсыз ССРО-ның экономикалық тәуелсіздігін және ел қор-

* * *

**В. АКШИНСКИЙ**

* * *

лық салаларын, әсресе, астық өндіруді шұғыл өркендету керек болады. Мұнысыз азық- түлік молшылығын жасауды және жеңіл, тамақ өнеркәсібінің тез өсіп отырған шикізат жөніндегі керетін қамтамасыз етуге болмайды. Партия мен үкмет еліміздің алдына —1954 —1955 жылдарда кемінде 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен дәнді дақылдар егісінің көлемін ұлғайту және 1955 жылы бұл жерлерден 1.100—1.200 миллион пұт, соның ішінде 800—900 миллион пұт товарлы астық алу міндетін қойды.

Астық өндіруді онан әрі ұлғайту және жаңа жерлерді игеру — бүкілхалықтық іс. Бұл істе баспасөз аса зор роль атқаруға тиіс. Әрбір газет пен журнал тың және тыңайған жерлерді игеруге барынша көмектесуге, бұл жұмысқа қатысуға тілек білдірген совет патриоттарының талабын қолдап отыруға, жаңа жерлерді игеретін аудандарға машиналар мен жүктерді тез жеткізуге үнемі ықпал жасауға, тың және тыңайған жерлерді игеретін қызметкерлерге мәдени- тұрмыстық қызмет етуді жақсартуды көздеуге міндетті. Бұл бағытта әсресе жаңа жерлерді игеретін аудандарда тікелей шығарылатын газеттер ерекше қажырлылықпен жұмыс істеулері тиіс. Біздің төменгі баспасөзіміз—қабырға газеттер, жауынгерлік листоктар, молния- листоктар аса көп жұмыстар атқара алады.

Тың жерлерді игеру үшін күресте баспасөздің ауыл шаруашылығының басқа мәселелерін терең және жан- жақты жазумен іскер ұштастыра білуінің ерекше маңызы бар. Барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру үшін, мал шаруашылығын өркендету және берік жемшөп базасын жасау үшін күреске де біздің барлық газеттеріміз бен журналдарымыз үнемі назар аударып отыруға тиіс. Ауыл шаруашылығы өндірісі озаттарының тәжрибелерін кеңінен көрсету және тарату, егіншіліктің прогрестік әдісі— картопты, жүгеріні, күнбағысты шаршы-ұялап егуді енгізу үшін күресу, овощьтарды шымтезек шірінді құмыраларында өсіру жолында күресу — баспасөздің абройлы ісі. Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу үшін право алу жолындағы жарысын ұйымдастыру және оны үнемі жазу газеттер мен журналдардың құрметті борышы.

Партия мен үкметтің халық алдына қойған жаңа міндеттердің орындалуы мемлекеттік аппараттың барлық буындарының жұмысын ұқыпты және ұйымшылдықпен жұмыс істеуіне, бұйрықтар мен қарарлар тасқынын мейлінше қысқартуға, басшылық етудің кеңсешілдік- бюрократтық әдісін жоюға байланысты. Газеттердің міндеті—бюрократтықты және қағазбастылықты сынның от жалынымен өртеу, басшы органдарды бұқараға негұрлым жақындатуды, басшы қыз-

на мейлінше көмектесуге. В. И. Лениннің еңбек өнімділігін арттыру жаңа қоғамның түбірлі міндеті болып табылады, онысыз коммунизмге көшу мүмкін емес деген нұсқауын терең түсіндіруге міндетті.

Халық шаруашылығының барлық салаларын өркендету үшін және идеологиялық жұмысты жақсарта түсу үшін күрес отырып, баспасөз барлық жаңалықты, озат істі батыл қолдап отыруға, партия, совет және шаруашылық ұйымдарының практикасындағы кемшіліктерді және ұнамсыз істерді аяусыз әшкерелеп отыруға міндетті. Өзара сынды, әсресе төменнен болатын сынды батыл өрістету советтік социалистік құрылысты нығайтады, халықтың творчестволық белсенділігін дамытады, барлық еңбекшілердің күш-жігерін кемшіліктер мен қыйыншылықтарды жоюға бағыттайды.

Осы тұрғыдан алғанда, біздің баспасөзіміздің міндеттерін жетілдіре берудің және оған партия ұйымдарының тарапынан басшылық етуді жақсарта берудің ерекше маңызы бар. Партия ұйымдары газеттердің, журналдардың және баспалардың жұмысына күнбе- күн бағыт беріп, редакцияларды тәжрибелі журналистермен нығайтып отыруға, баспасөздің сын мақалаларын қолдап отыруға, ол жөнінде қажетті шаралар қолдануына жетуге міндетті.

Өкінерлік іс, жеке партия комитеттері жұмысты мүлде басқаша істейді. Бұған Кромск партия ұйымының (Орел облысы) сынға қысым жасау фактісі дәлел бола алады, мұнда аудандық партия комитетінің қызметкерлері жарамсыз басшыларды сыннан қорғап, аудандық газет редакциясына олардың орынды сын мақалаларына қарсы жауап жазуға міндеттеген, мақалалардың ішіндегі өткір сынды алып тастауға мәжбүр еткен. Бұған келіспеген аудандық газеттің редакторын жұмыстан босатқан. Кромск партия ұйымындағы сынға қысым жасау фактілері туралы мәселе СОКП Орталық Комитетінде қаралды. Орталық Комитет Орел облыстық партия комитетінің «Ленинская путь» аудандық газетінің редакторы Головин жолдасты қызметтен себепсіз босатқандығын атап көрсетті. Сынға қысым жасаған және баспасөзге теріс көзқарасы үшін Кромск аудандық партия комитетінің секретары Чешенко жолдасқа партиялық қатал жаза берілді. Головин жолдас өзінің қызметіне қойылды.

«Советская Чувашия» газетінің редакциясының жұмысында да елеулі кемшіліктер ашылды. Газет кемшіліктер жөнінде үндемей келген. Ол кемшіліктерді таратушыларды қатал сынамаған, газет бетінде шұғыл мәселелерді көтеріп отырмаған, енжарлыққа және өзін- өзі жұбатушылыққа жол берген, еңбекшілердің хаттарына немқұрайды қараған. Басшы қызметкерлермен қарым- қатынасты бұзып алмауды көздеп, редакция әртүрлі сылтаулармен сын мақалаларын жариялаудан жалтарып келген, оларды түрлі




Облысымызда 2 облыстық және 11 аудандық газет шығып тұрады.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## ГАЗЕТ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛЕКТЕРІ

### Газет кемшіліктерді батыл ашуға тиіс

Партиямыз бен үкметіміз халық шаруашылығын онан әрі өркендету және еңбекшілердің материалдық әл- ауқат дәрежесін бұрынғыдан да жақсарта беру жөнінде аса зор міндеттер қойып отыр. Мұндай күрделі міндетті орындауда газет өзінің коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші және коллективтік ұйымдастырушы ролін бұрынғыдан да арттыра түсуге тиіс. Ол бұқараны партия алға қойған ұлы міндеттерді ойдағыдай орындауға жұмылдырып отыруға міндетті.

Бүгін, Советтік баспасөз күні мен газет оқушы ретінде «Ленин туы» газетіне өзімнің тілегімді білдіргім келеді. Оқушылар газетке оның бетінен күнбе- күн болып жатқан өмір жаңалықтарын, совет адамдарының коммунистік қоғам құру жолындағы ерлік еңбектерін, табыстары мен істегі кемшіліктерін кезінде және жан-жақты көріп, біліп отырсам деп талап қояды.

Осы тұрғыдан алғанда «Ленин туы»

### Үнемі және терең жазатын мәселелер

Советтік баспасөз күні—ауыл-село еңбекшілері үшін қуанышты мейрам. Өйткені, ол арқылы совет адамдары рухани нәр алады. Партия баспасөз арқылы халықпен күн сайын, сағат сайын сөйлесіп отырады.

Бүкіл советтік баспасөз сыяқты «Ленин туы» газеті Коммунистік партия мен Совет Үкметінің саясатын насихаттауда, облыс еңбекшілерін алда тұрған міндеттерді орындау жолындағы күреске ұйымдастыруда зор роль атқарып келеді. Газет соңғы кезде ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, әсресе, тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі мәселелерді жазуды біраз жақсартты.

Сонымен қатар «Ленин туы» газетінің бетінде облыс өмірінің, әсресе, партия тұрмысының кейбір маңызды мәселелері әлі де болса кем, тіпті кейде үстірт жазылатынын айта кеткен жөн. Ауыл шар-

тақырыпта Совет аудандық партия комитетінің Сартомар МТС-і бойынша топ қызметкерлерінің жұмысы сыналды. Бірақ, бұған тіпті де қанағаттануға болмайды. Өйткені, аудандық партия комитеттерінің жаңа жағдайдағы жұмыс тәжрибелері әлі де болса кем жазылып келеді. Біз газет бетінен аудандық партия комитеттері нұсқаушыларының, топ қызметкерлерінің, бастауыш партия ұйымдарының ұйымдастыру және саяси жұмысты жүргізу жөніндегі тәжрибелерін, сондай-ақ, жұмыстағы кемшіліктерді көрсететін сын мақалаларды жиі оқығымыз келеді.

Партияның XIX съезі идеологиялық жұмысты партия ұйымдарының бірінші дәрежелі міндеті етіп қойды. Алайда, «Ленин туы» газетінде соңғы кезде идеологиялық жұмыстың жайы жөнінде мақалалардың сирек жазылуына таңымыз бар.

емес. Ал, қазір біздің елімізде қуатты ауыр индустрия жасалған кезде, халық тұтынатын товарлар өндірісін тез өркендету үшін бізде барлық жағдайлар бар. Партия мен Совет үкметі таяудағы екі-үш жылдың ішінде еңбекшілердің азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен қамтамасыз етілуін едәуір арттыру мақсатын көздеп жеңіл және тамақ өнеркәсібін жедел өркендетудің кең программасын белгіледі.

Бұл программа ойдағыдай жүзеге асырылуда. Тек 1953 жылдың өзінде ғана халық тұтынатын товарлар —мата, киім, аяқкиім, тамақ өнімдерін, бірінші қажетті бұйымдар өндіретін 300-ге жуық жаңа кәсіпорны іске қосылды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің қазір жұмыс істейтін кәсіпорындары ұлғайтылып, ең жаңа жабдықтармен қаруландырылуда.

Мұндай жағдайда совет баспасөзінің алдында өнеркәсіптің барлық салаларын онан әрі өркендету, халық шаруашылықтық жоспарларды орындау және асыра орындау, өнімнің сапасын жақсарту және оның өзіндік құнын кеміту жолындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да кеңінен өрістету ісіне барынша көмектесу жөнінде құрметті міндет тұр. Пайдаланылмай жатқан қорды табу үшін, өндіріс алаңдарын ұлғайтпастан-ақ өнеркәсіп өнімінің көлемін ұлғайту үшін жаңа мүмкіндіктерді іздестіріп табу үшін күресте баспасөздің ерекше маңызы бар. Өндірістің технологиясын мейлінше жақсартуға, бар жабдықтарды неғұрлым орынды пайдалануға, бұқараның творчестволық инициативасын үнемі қолдауға, рационализаторлар мен өнертапқыштардың қозғалысын дамытуға жету, артта қалушыларды озаттардың қатарына жеткізу —әрбір газеттің және журналдың тікелей борышы.

Халық тұтынатын бұйымдарды өндіруді үнемі арттыра түсуді қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығының бар-

мекемелердің совет адамдарының тілектері мен өтініштеріне ұқыпты және зер сала қарауын көздеу.

Совет қоғамының басшы және бағыт беруші күші туысқан Коммунистік партия болып табылады. Коммунистік құрылыстың барлық мәселелерін шешу жергілікті партия ұйымдарының жұмыс дәрежесіне байланысты. Газеттер мен журналдардың борышы —партия тұрмысын, марксистік- лениндік оқу мәселелерін, жергілікті партия ұйымдарының партия мен үкмет қарарларын жүзеге асыру жолындағы күресін кеңінен және жан-жақты жазу.

Коммунистік партия біздің халқымызды коммунизм жолымен сеніммен алға бастап келеді. Бірақ, коммунизм күрессіз және қыйыншылықсыз орнатыла қояды деп ойлау дұрыс болмас еді. Біздің арамызда капиталистік сарқыншақтарды дәріптеушілер, жалқаулар және социалистік меншікті талан- таражға салушылар, бюрократтар, жағымпаздар, совет моралін бұзушылар әлі де бар. Мұның өзі еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуді күшейтуді, буржуазиялық идеологияның қандай да болсын сарқыншақтарына қарсы күресті күшейтуді талап етеді. Бұл жөнінде баспасөз аса зор роль атқаруға тиіс, баспасөз марксизм-ленинизм идеясын кеңінен насихаттауға, еңбекшілерді советтік патриотизм және интернационализм рухында үнемі тәрбиелеуге, идеологиялық мекемелердің жұмысына жете назар аударып отыруға, ғылымның, әдебиеттің искусствоның дамуына барынша көмектесуге, жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның саяси қырағылығын және саналылығын арттыру ісінде қамқорлық жасауға міндетті.

Соңғы кезде Москва және Москва облысының озат кәсіпорындарының бастамасы бойынша еңбек өнімділігін арттыру жолындағы бүкілхалықтық қозғалыс елімізде кең өріс алды. Баспасөз осы қозғалыстың өрістеуіне және кең қанат жаюы-

ұйымдарға жіберумен тынған. СОКП Орталық Комитеті «Советская Чувашия» газетінің жұмысы туралы мәселе талқылап, Чуваш облыстық партия комитетінің назарын газетке басшылықтың қанағаттанғысыз екендігіне аударды және оған газет жұмысын жақсарту жөнінде қажетті шаралар қолдануды міндеттеді. Бұл фактілерден біздің әрбір газетіміз, әрбір партия ұйымымыз тиісті қорытынды жасауы керек.

Баспасөздің аса маңызды міндеті бұқарамен өзінің байланысын барынша нығайта беру болып табылады, Жұмысшы тілшілер, селолық тілшілер, редакциядан тыс актив —біздің баспасөзіміздің тірегі. Бұқарамен байланысты нығайту және ұлғайту арқылы, газет оқушылармен күнбе- күн қарым- қатынас жасау арқылы, газет партияның шын мәніндегі жауынгерлік көмекшісі бола алады.

Облыстық, өлкелік және республикалық газеттердің редакторларының және ауылшаруашылық бөлімдері меңгерушілерінің Бүкілодақтық кеңесінде сөйлеген сөзінде СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Біздің баспасөзімізден артық күшті, ықпалды құралымыз жоқ. Баспасөз біздің партиямыздың ең алыстан сермейтін идеялық қаруы. Біз егер газеттер мен журналдар үшін материалдарды жақсы іріктеп алатын болсақ, сан мыңдаған километрден нысанаға дәл тигізе аламыз, ұланбайтақ еліміздің барлық түкпір- түкпірлеріндегі кемшіліктердің бетін аша аламыз. Сондықтан кімде-кім баспасөзді жете бағаламаса, ол біздің күшімізді әлсіретеді».

Баспасөздің дәрежесін арттыра отырып, Коммунистік партия өзінің идеялық қаруын барған сайын жетілдіре береді. Партияның басшылығымен баспасөз бұдан былай да коммунизмнің жеңісі үшін қажырлы күрескер бола береді.

газеті облысымыздың өмірінен біраз мәселелерді әлі де болса кең көтере алмай отыр. Газеттің кең көтермей отырған мәселелерінің бірі —кәсіпорындары мен мекемелерде финанс тәртібінің қатаң сақталуын, оларда қаржының дұрыс жұмсалуын жазу. Газет бұл тақырыпқа материалдарды оқта- текте ғана басады. Сол сияқты, колхоздар мен совхоздардағы қаржының, түскен кірістің қайда, қалай жұмсалғаны жайында да газет мақалаларды тым сирек жариялайды. Бұл жұмыстағы кемшіліктер кезінде ашылып, оған кінәлі адамдар қатты сынға алынып отырмайды.

Газет кәсіпорындарының еңбек өнімділігін арттыру, пайдалы жұмыс істеу, мінсіз өнім шығару, айналмалы қаржының айналымын тездету тәжрибесін де үнемі жаза алмай келеді. Оқушылар бұл тақырыпқа да мақалаларды газет бетінен әлі сирек кездестіреді.

Ендігі жерде біз газеттен бұл мәселелерге жете мән беріп, оны жиі және терең жазып тұрса екен дейміз. Газет, әсіресе, облыстың кәсіпорындары мен МТС-теріндегі, колхоздары мен совхоздарындағы пайдаланылмай жатқан мүмкіншіліктерді, резервтерді тауып, іске қосу мәселесіне де терең зер салып, оны байыпты жазып отыруы керек.

**Б. ТІЛЕГЕНОВ,**

**Облыстық финанс бөлімі меңгерушісінің орынбасары.**

уашылығының бүкіл саласын шұғыл өркендету міндетінің ойдағыдай орындалуы партия ұйымдарының колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмыстарының дәрежесіне тікелей байланысты екені мәлім.

Олай болса, ауыл-селодағы партиялық-саяси жұмыстың тәжрибелерін терең зерттеп жазу, бұл жұмысты ұйымдастыруда орын алып келе жатқан елеулі кемшіліктерді батыл сынау арқылы партия ұйымдарына көмектесу—газеттің қасиетті борышы. Рас, бұл жөнінде быйыл «Ленин туы» газетінің бетінде бірқатар мақалалар жарияланды. ҚКП Преснов аудандық партия комитетінің секретары Байбатыров жолдас Майбалық МТС-і аймағы бойынша аудандық партия комитетінің топ қызметкерлерінің жұмыс тәжрибелерін жазды. Газет бетінде «Жұмысқа әлі шындап кіріскен де жоқ» деген

тінде ауылдық-селолық Советтер шаруашылық және мәдени жұмысты ұйымдастыруда ерекше роль атқарады. Әрбір ауданда ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету күресіне колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлерін ойдағыдай ұйымдастырып отырған жергілікті Советтер аз емес. Бірақ, «Ленин туы» газетінің редакциясы ауылдық-селолық Советтердің жұмысын зерттеу, оның жақсы тәжрибелерін насихаттау мәселесімен сирек шұғылданады. Газет бетінде совет құрылысы рубрикасымен мақалалардың тіпті аз жариялануы бұл пікірімізді толық дәлелдейді.

Біз «Ленин туы» газеті бетінде партия ұйымдары мен жергілікті Советтердің жұмысы үнемі және мазмұнды жазылуын тілек етеміз.

**С. ИМАҚОВ,**

**Булаев аудандық партия комитетінің секретары.**

## Колхозшылар тілегі

Біздің колхоздың мүшелері партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күнгі көрсетіп отырған қамқорлығына сүйене отырып, колхоздың қоғамдық байлығын арттыра беру, сөйтіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін көптеп өндіру жолында қажырлы күрес жүргізуде. Бұл күресте колхозшылардың тамаша табыстарға жетуіне советтік баспасөз орасан зор көмек көрсетіп келеді. Өйткені, олар баспасөз бетінен еліміздің ауыл шаруашылығындағы бейбіт және жемісті еңбекте қол жеткен табыстарды үнемі оқып, біліп отырады. Газеттер арқылы келіп жеткен советтік ауыл шаруашылығы ғылымдарының жаңалықтары мен озат тәжрибелерді колхоз өндірісіне енгізе отырып, еңбек өнімділігін арттыра беруге мүмкіншілік алады.

Мен орталық және республикалық газет, журналдармен бірге, облысымызда шығатын «Ленин туы» газетінің кезекті номерлерін үзбей оқыймын. «Ленин туы» газеті облыс колхоздарының өмірін толық қамтып жазуға тырысады деп айта аламыз. Ол облыс колхоздарында СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы қаулысының жүзеге асырылуының жайын жазып, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының жұмысына едәуір дәрежеде көмектесіп келеді.

Алайда, «Ленин туы» газетіне біздің әлде де көп тілегіміз бар. Газет ауыл шаруашылығы озаттарының іс тәжрибелері жөнінде, ауыл шаруашылығы тақырыбына очерктер, әңгімелер, колхозшыларға кеңес ретінде мамандардың мақалаларын көбірек жазса екен дейміз.

Сонымен қатар, сын мақалаларда кемшіліктердің сырын терең зерттеп, аша жазса, газеттің ауыл шаруашылығына көрсететін көмегі бұрынғыдан да күшейе түсер еді деп есептейміз. Ал, колхоз өндірісінде облыстық газеттер әлі де батыл сынай алмай отырған кемшіліктер бар екенін айта кеткеніміз жөн.

Біз газеттің ұйымдастырушылық, тәрбиелік мәнін және колхозшыларды еңбек өнімділігін арттыра беруге ынталандыру жөніндегі ролін жақсы білеміз. Сондықтан да газетті қоғамдық шаруашылықты онан әрі өркендете берудегі, колхозшыларды коммунистік рухта тәрбиелеудегі біздің күшті құралымыз деп санаймыз. Олай болса, ауыл шаруашылығы мәселелерінің газетте терең зерттеліп, кең көлемде жазылуын тілек етуіміз заңды тілек болып табылады. Бұл жалғыз менің, немесе, біздің колхоздың мүшелерінің ғана емес, облысымыздағы барлық ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің тілегі десек, асырып айтқандық болмайды. Біз «Ленин туы» газеті бұл тілекті қанағаттандыра алады деп сенеміз.

**Е. БӘУКЕНОВ,**

**Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозының председателі.**

## Жиі жазатын тақырып

Газет оқушы газеттің соңғы номерін алғанда, еңалдымен мақалалардың тақырыбын қарап шығады. Содан кейін оқуға кіріседі. Оқығанда, бірінші кезекте өзі қатысып жүрген өндірістің саласы жайында жазылған мақаланы оқыйды.

Мен көп жылдар бойы «Ленин туы» газетін алып оқыймын. Тракторшы болып істеген 1950—1952 жылдары бұл газеттің жаңа номерін алғанда, озат трактор бригадалары мен жекелеген тракторшылардың тәжрибелері жөнінде жазылған мақаланы алдымен оқыйтын едім. Тракторшы болып жұмыс істеуге ден саулығым жарамайтын болғандықтан шоферлар мектебін бітіріп, үш жылдан бері шофер болып істеп жүрмін. Бұл жылдар ішінде менің газет бетінен таңдап, бірінші кезекте және құмарта оқыйтын тақырыбым да өзгерді. Мен газеттен жүк автомашиналарын техникалық күтудің, жүк тасуда оның қуатын өнімді пайдаланудың шеберлерінің іс тәжрибелерін көбірек іздейтін болдым. Бұл заңды да. Өйткені, жақсы жазылған озат шоферлардың тәжрибесінің мен сияқты жас шоферларға берері көп.

Бірақ, айта кетуіміз керек, «Ленин туы» газеті жүк автомашиналарының күшін ауыл шаруашылығы өндірісіне шебер пайдаланып жүрген шоферлардың іс тәжрибесін сирек жазады. Ал, тәжрибесі аз, жас шоферларға үлгі боларлық озат шоферлар облысымыздың колхоздары мен совхоздарында өте көп.

Сондықтан мен «Ленин туы» газетінің озат шоферлардың тәжрибесін көбірек насихаттауды, шоферларға кеңес жөнінде мамандардың мақалаларын жиі жазып тұруды тілек етемін.

**А. КӘКІМОВ,**

**Қыялы совхозының шофері.**

## Мектеп қабырға газеті

Октябрь ауданындағы Қызылту жетіжылдық мектебінде оқушылар комитеті мен комсомол ұйымының органы «Білім шыңы» атты және пионер дружинасының «Пионер туы» атты қабырға газеттері айына бір рет шығып тұрады. Оқушылар өз газеттерінің уақытында шығып тұруын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылының бас кезінде-ақ оқытушылар мен таңдаулы оқушылардан газеттің редколлегиясын құрған болатын. Оқытушы Қ. Құрманғалиев жолдастың басқаруымен газет редколлегиясы оқу жылының басынан бері газеттің 8 номерін шығарды. Газеттер тартымды, қызықты болып шығып отырды.

Газет оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту жөнінде мектепте, жеке кластар бойынша қол жеткен табыстарды, үздік оқушылардың сабаққа дайындалудағы тәжрибелерін ортаға салып, байқалған кемшіліктерді әділ сынға алды. Ондай сын мақалалар кластарда талқыланып, ол кемшіліктерді жоюға бағытталған тиісті шаралар белгіленді.

Мәселен, оқу жылының алғашқы тоқсанында кейбір оқушылар 2 деген баға алып, жеке оқушылар мектептің оқушыларға арналған ережесін бұзды. Бұл кемшіліктерді жоюда қабырға газеті оқытушылар коллективіне зор көмек көрсетті. Газет бетінде кемшіліктер қатты және әділ сыналғаннан кейін ондай оқушылар оқу жылының екінші тоқсанында оқуды жақсы оқыйтындар және тәртіпті оқушылар қатарына қосылды. Қабырға газетінің соңғы номерлерінің бірін емтиханға әзірлік мәселесіне арналды. Онда емтиханға қалай әзірлену керек екендігі туралы оқытушылардың кеңестері, оқу отличниктерінің қазір уақытты қалай пайдаланатындығы, өткен сабақтарды қалай пысықтап жүргендіктері туралы мақалалар жарияланды.

Газетте оқушылардың өлеңдері мен әңгіме, очерктері де жарияланып тұрады. Бұл жағдай әдебиетке бейім жас таланттардың алғашқы еңбектерін оқушылардың кең талқысына салуға, сөйтіп, олардың әдебиетке құмарлығын арттыруға мүмкіншілік беруде.

Мектеп қабырға газеті редколлегиясының мүшелері орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттерді үнемі оқып, оларда жарияланған мектеп қабырға газеттерінің жұмысы туралы мақалалардан үлгі алып, үйреніп отырады. Бірақ, облыстық «Ленин туы» газетінің бетінде қабырға газеттерінің жұмысы жөнінде әлі де болса сын мақалалар жарияланбайды. Газет редакциясының коллективі алдағы уақытта мұны ескергені жөн.

Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде мектептің алдына қойылған міндетті орындауда «Білім шыңы» атты қабырға газеті оқытушылар коллективіне шын мәнінде көмек көрсетіп келеді және көрсете бермек.

**Қ. ШОҚАТОВ,**

**Ауылдық тілші.**

## Баспасөз—адамның рухани азығы

Коммунистік баспасөз күні мен өзімнің рухани қалыптасуыма үлкен көмек көрсеткен газетке —Коммунистік партияның ең өткір, ең күшті құралына өзімнің шын жүректен шыққан алғыс сезімімді білдірмекпін. Мен үшін баспасөз күні— үлкен мереке. Өйткені, өзім үшін қымбатты бұл күнді жыл сайын мен өз өндірісімде табыстармен қарсы алуды дәстүріме айналдырдым.

Менің мамандығым — оқытушылық. Коммунизмнің болашақ құрылысшылары —жас ұрпақтарды тәрбиелеу—біздің ең басты міндетіміз. Бұл міндетті орындауда біздер үшін баспасөздің маңызы өте зор. Өйткені, баспасөз арқылы біз ұлан-байтақ Отанымыздың халықтарының еңбектегі табыстары мен жаңалықтарын, озаттардың іс әдістерін, халықаралық жағдайды күнделікті біліп отырамыз. Жастардың рухани қалыптасуында, оларды коммунистік рухта, Отанның адал патриоттары етіп тәрбиелеуде газет шексіз зор роль атқарады.

**Қ. БАЯЗИЕВ,**

**Октябрь ауданы, Қызылту жетіжылдық мектебінің директоры.**

# Әрбір колхозда мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі болсын

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі бүкілхалықтық міндетті ойдағыдай шешуде әйелдер зор роль атқарады. Сондықтан да СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхоз өндірісінде әйелдердің ролін онан әрі көтеру міндетін қойды.

Біздің облысымызда өткен ауылшаруашылық жылында көптеген колхоздарда балалар мекемелері ұйымдастырылмады, ал, барының өзі жақсы жабдықталмады және олар көктем егісі кезінде ғана жұмыс істеді. Мұның өзі дала жұмыстарының ең қызу кезінде жүздеген колхозшы әйелдердің колхоз өндірісіне қатыса алмай қалуына, 4 мыңнан астам колхозшы әйелдердің еңбеккүн минимумын таба алмауына әкеліп соқты.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру мақсатымен облыстық Совет атқомі мен ҚКП облыстық комитеті колхоздарда балалар мекемелерінің жұмысын жақсартудың шараларын, балаларды яслилерде, балалар алаңдарында тәрбиелеудің жоспарын белгіледі және партия, совет орындарын, колхоз басқармаларын әрбір колхозда балалар яслилері мен алаңдарын ашуға жетісу, ірі колхоздарда тұрақты балалар яслилерін ұйымдастыру мәселесін шешуге міндеттеді.

Балалар бақшаларын ұйымдастыру жөнінде Полудень, Петропавл, Приешім аудандарында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Олардың барлық колхоздарында балалар мекемелері жұмыс істейді.

Конюхов, Соколов аудандарының көптеген колхоздарында балалар мекемелері балаларды қабылдауға дер кезінде сапалы дайындалды. Соколов ауданындағы Ленин атындағы колхозда қазірдің өзінде тұрақты балалар яслиі ашылды. Яслиге арнап сапалы жөнделген және жақсы жабдықталған үй бөлінген. Мұнда балалар үшін койкалар, төсек-орын және ойыншықтар сатып алынған.

Облысымызды тұтас алғанда 25 апрельге дейін 60 колхозда балалар яслилері мен алаңдары ашылып, жұмыс істей бастады.

Алайда, көптеген колхоздар балалар мекемелерін ұйымдастыруды ұзаққа созып отыр. 100-ден астам колхозда балалар үйлеріне бөлінген үйлер бос тұр, сондықтан да балалы әйелдер қоғамдық еңбекке қатыса алмай келеді.

Мәселен, Совет ауданындағы Молотов атындағы, «Новый быт», «Көктерек» колхоздарында балалар мекемелері үшін үй бөлу мәселесі әлі шешілмеген, балалар мекемелерінің меңгерушілері мен тәрбиешілері іріктеліп алынбаған.

Осы аудандағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында балалар яслиі болмағандықтан 27 әйел өткен жылы ең беккүн минимумын таппады. Солай бола тұрса да, колхоз басшылары балалар яслилерін ашуды биыл да естен шығарып

Колхоз председательдері тарапынан көп реттерде балалар мекемелеріне жете көңіл бөлінбейді. Сол сияқты, облыстық сауда ұйымдары балалар мекемелерін кондитер заттарымен, кептірілген жемíспен, балалар мебельдерімен, ойыншықтармен, ыдыс-аяқпен және басқа да сол сияқты заттармен толық қамтамасыз ете алмай келеді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы колхоздарда балалар мекемелері ұйымдастырылуын, оларға қаржы бөлінуін және ол қаржының дұрыс жұмсалуын бақылап отыру, балалар мекемелері үшін үй бөлуге қамқорлық жасау мәселесіне жете назар аудармайды.

Сол сияқты, денсаулық сақтау орындары балалар яслилері мен алаңдарын дәрігерлік көмекпен қамту, балалар мекемелеріндегі тазалық сақтау жөнінде жүргізілетін жұмыстарды өз дәрежесінде ұйымдастыра алмай отыр.

Ауылшаруашылық өндірісінің мүддесі колхоздарда міндетті түрде тұрақты балалар яслилері мен бақшаларын ұйымдастыруды талап етеді. Мал және құс фермаларында қысқы маусымдағы жұмыс жаздағыдан әлде қайда көп болады. Сондықтан ҚКП обкомінің II пленумы 1954 жылы әрбір колхозда тұрақты балалар мекемелерін ашу міндетін қойды. Кейбір колхоздарда бұл міндет қазірдің өзінде ойдағыдай орындалуда. Қазір облыстың 50 колхозында тұрақты балалар мекемелері жұмыс істеуде. Приешім ауданындағы Куйбышев атындағы колхозда ұйымдастырылған маусымды балалар яслиі қысқы күндері де өзінің жұмысын тоқтатқан жоқ. Сөйтіп, бұл мекеме колхозшы әйелдердің жыл бойына колхоз өндірісінде белсене еңбек етуіне мүмкіндік берді.

Колхоздардағы өзінің жұмысын ойдағыдай жүргізіп келген маусымды балалар мекемелерін тұрақты жұмыс істеуге көшіруге көмектесу облыстық оқу бөлімі мен облыстық денсаулық сақтау бөлімі басшыларының міндеті болып табылады.

Колхоздарда балалар мекемелерін ұйымдастыруда колхоздарды қамқорлыққа алған қаладағы кәсіпорындар мен мекемелер зор көмек көрсете алады. Мәселен, «Екпінді» артелінің коллективі өздері қамқорлыққа алған Петропавл ауданындағы Чапаев атындағы колхоздың балалар мекелері үшін көрпелер және матрастар дайындап берді. Ал, ауылшаруашылық техникумының студенттері осы аудандағы Ворошилов атындағы колхоздың балалар мекемелеріне түрлі ойыншықтар сатып алып берді.

Қазір облыс колхоздары ең жауапты міндет —көктемгі егіс жұмыстарына кірісті. Колхозшы әйелдердің егіс жұмыстарына қатысуына жағдай туғызу үшін барлық колхоздарда балалар яслилері мен алаңдары болуының шұғыл шараларын қолдану қажет. Әрбір колхозда мектеп жасына дейінгі балалар мекемесін

## Октябрь ауданында

### *Ленин орта мектебінде*

Ленин орта мектебінің оқушылары тың және тыңайған жерлерді игеру үшін келген жастарға кітап жыйнап беруді ұйғарды. Сөйтіп, оқушылар 500-ден астам саяси және көркем әдебиеттер сатып алып, оларды Коновалов МТС-нің жас механизаторларына тапсырды.

Мектептің жас натуралистері мектеп жанындағы тәжрибе участогіне егу үшін қарбыз, қауын, басқа да бақша егістерінің рассадаларын отырғызды және 47 түрлі жеміс тұқымын дайындады.

**Ғ. МАЛДЫБАЕВ, Н. ҒАНИЕВ.**

### *Кітап оқуға құштарлық*

Есіл ауылдық Советі жанындағы оқу үйінің кітап қорында 2 мыңнан астам саяси және көркем әдебиет кітаптары бар. Мұнда кітап оқушылар саны да күн санап арта түсуде. Қазір оқу үйінің тұрақты кітап оқушылары 150 адамнан асады. Колхозшы Төртібаев, Рамазанов, Нұрқанов жолдастар оқу үйінің таңдаулы кітап оқушылары болып саналады.

Ауылдық Совет қамтуындағы «Бірлік» және Жамбыл атындағы колхоздар мүшелерінің кітап оқуға деген тілегін тыңғылықты өтеу мақсатында оқу үйі жанынан жылжымалы кітапхана ұйымдастырылған.

**Б. ЕСАЛИН.**

### *Қарт колхозшылардың еңбектегі қажырлылығы*

«Заря коммунизма» ауылшаруашылық артелінің мүшелері Т. Байбатыров, Ә. Омаров, Н. Нұртаев, Қ. Тұйғынбеков жолдастар жастарының ұлғайғандығына қарамастан колхоз өндірісінде қажырлылықпен еңбек етіп келеді. Соның нәтижесінде быйылғы ауылшаруашылық жылының үш айында олардың әрқайсысы 110—200-ден еңбеккүн тапты.

**Қ. ШОҚАТОВ.**

### *Медицина үйірмесі*

Октябрь ауданының орман шаруашылығында фельдшерлік пункттің меңгерушісі Константин Ефимович Бохин медициналық үйірме ұйымдастырды. Бұл үйірменің жұмысына 50 адам қатысып жүр. Константин Ефимович үйірме сабақтарында әртүрлі аурулардың неден пайда болатындығын, ол аурулармен қалай күресу керек екендігін, ауруды емдеу жолдарын айтып түсіндіреді.

Фельдшер Бохин жолдас қазір мектеп оқушылары үшін де медициналық үйірме ұйымдастыруға

# Шетелдерде Бірінші майды мейрамдау

Бүкіл жер шарының жүз миллиондаған адамдары еңбекшілердің ынтымақтылығының халықаралық күні, барлық елдердің жұмысшыларының туысқандық күні—Бірінші майды мейрамдап өтті. Шетелдердегі жалпы бұқаралық Бірінші май демонстрациялары мен митингтері бейбітшілік жолындағы, соғыс хаупіне қарсы, халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін күрестегі халықтардың бірлігін онан әрі нығайту ұранымен өтті.

Дәстүрлі Бірінші май мерекесін, әсересе, Қытай Халық Республикасында, европалық халықтық демократиялық елдерде, Корей Халық- Демократиялық Республикасында, Герман Демократиялық Республикасында және Монгол Халық Республикасында ерекше салтанатпен, зор қуанышпен атап өтті. Бірінші май күні бұл елдердің еңбекшілері Бірінші май алдындағы жарысқа тамаша қорытындылар жасады, жаңа тұрмыс орнату жолында онан әрі табыстарға жете беруге әзір екендіктерін және бейбітшілік үшін бұрынғыдан да батыл бел байлап күресуге әзір екендіктерін демонстрациялады.

Халықтық Қытайдың қалалары мен селоларында Бірінші майға арналған қуатты демонстрациялар болды. Республиканың астанасы— Пекинде Мао Цзэ-дун, Лю-Шао-ци, Чжу Дэ, Қытайдың Коммунистік партиясының Орталық Комитеті саяси бюросының басқа да мүшелері, демократиялық партиялардың және халықтық үкметтің басшылары тұрған мінбелердің алдынан жарты миллион адам өтті.

Мерекелік салтанатты жүрісті Пекин кәсіпорындарының еңбек озаттары бастады. Онан соң алаңға пионерлер келді. Олардың ізінше жұмысшылар, теміржолшылар, қала маңындағы селолардың шаруалары, мемлекеттік мекемелер мен сауда кәсіпорындарының қызметшілері, студенттер, мәдениет қайраткерлерінің колонналары өтті.

Демонстрациялар көтеріп шыққан қырмызы қызыл транспаранттар Қытай еңбекшілерінің жаңа тұрмыс орнатудағы табыстарын баянды етіп, индустрияландыру үшін және ауылшаруашылық социалистік негізде қайта құру үшін, Корей мәселесін бейбіт жолмен шешу үшін және Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру үшін, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін, Қытай мен Совет Одағы арасындағы ұлы және мызғымас достықты онан әрі нығайту үшін күреске шақырады.

Мінбелерден демонстрацияларды әртүрлі елдерден Пекинге келген еңбекшілердің көптеген өкілдері құттықтады. Қонақтардың ішінде Совет кәсіподақтарының және совет жастарының делегациялары да болды.

Пхеньянда қалалық халықтық комитет үйінің алдында Бірінші май митингісі болды, онда Министрлер кабинетінің председателі маршал Ким Ир Сен, КХДР Жоғарғы Халық Жыйналысы Президиумының председателі Ким Ду Бон, Корей еңбек партиясының Орталық Комитетінің председателінің орынбасары Пак Ден Ай, Корей еңбек партиясының және КХДР үкметінің басқа да басшылары болды.

Вонсанда, Хамхынде, Чхончжинде, Синьыйчжуда, Нампхода, елдің басқа да провинциялық және уездік орталықтарында да еңбекшілердің Бірінші майға арналған демонстрациясы болды.

Поляк халқы Бірінші майды аса зор өрлеу үстінде мейрамдады. Бірінші май мейрамы поляк халқының нығайып келе жатқан бірлігінің, Поляк- Совет мызғымас достығының, елдің еңбекшілерінің социализм орнату жолындағы қажымас күреске жалынды ұмтылуының, барлық елдер арасындағы туысқандық ынтымақты нығайту үшін, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту үшін күреске ұмтылуының айқын демонстрациясына ұласты.

Варшавада Бірінші май демонстрацияларына жүз мыңдаған еңбекшілер қатысты. Мінбеде Польша Біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитетінің Бірінші секретары Б. Берут, Мемлекеттік советтің председателі А. Завадский, Министрлер Советінің председателі Ю. Циранкевич, Польшаның маршалы К. Рокоссовский, Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитеті саяси бюросының мүшелері, Мемлекеттік советтің және Поляк Халық Республикасы үкметінің мүшелері, жұртшылық өкілдері, сонымен қатар шетел кәсіподақтарының Бірінші май салтанатына Польшаға келген делегациялары болды.

Демонстрациялар алдында сөз сөйлеген Б. Берут совет халқының туысқандық көмегі арқасында Польша еңбекшілерінің қысқа мерзім ішінде қыйраған қалалар мен заводтарды қалпына келтіріп, елдің экономикасын онан әрі өркендетудің негізі—қазіргі заманғы ірі өнеркәсіп құрғандығын мәлімдеді.

Прагадағы демонстрацияға қатысушыларды Чехословакия Республикасының президенті А. Запотоцкий, Премьер- министр В. Широкий бастаған үкмет мүшелері, Чехословакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің саяси секретариатының мүшелері құттықтады.

Республика президенті А. Запотоцкий Вацлав алаңына жыйналғандарға, бүкіл халыққа арнап сөз сөйледі. Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуда Совет Одағының сіңірген аса зор еңбегін атап көрсете келіп, Запотоцкий ССРО-ның күш жұмсауы арқасында Берлин және Женева кеңестері шақырылғандықтарын айтты, бұл кеңестер халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге көмектесетін болады.

Венгрия астанасы— Будапештте болған Бірінші май демонстрациясы үшжарым сағатқа созылды. Венгрияның Еңбекші партиясының және халықтық үкметтің басшылары болған үкмет мінбелерінің алдынан пионерлер, физкультурашылар, кәсіпорындарының еңбекшілері, студенттер, еңбекші шаруалардың өкілдері, қызметшілер өтті. Демонстрацияға қатысушылар алып шыққан транспаранттар, ұрандар венгер халқының бейбітшілікке, өз отанының қуатын нығайту игілігіне, социализм орнатудағы табыстарға жетуде жемісті еңбек ету үшін ұмтылған қажымас жігерін білдіреді.

Демонстрациялардан кейін Будапеш-

Социалистік партиясының Орталық Комитетінің бірінші секретары Вальтер Ульбрихт, Германияның Біріккен Социалистік партиясының және ГДР үкметінің басқа да басшылары құттықтады.

Бес сағаттан аса уақытқа созылған демонстрацияға мұнымен қатар Батыс Берлин еңбекшілерінің делегациялары да қатысты.

Капиталистік елдердің еңбекшілері Бірінші май күнін кеңінен атап өтті.

Жұртқа мәлім, Француз өкмет орындары Парижде Бастилия алаңы— ұлт алаңы маршруттары арқылы дәстүрлі Бірінші май демонстрациясын өткізуге тыйым салған болатын. Сена департаменті кәсіподақтары бірлестігінің шақыруы бойынша Париждің ондаған мың тұрғын халқы Бірінші майда Венсен орманына жыйналды, сонда митинг өтті. Мінбеде Жалпы еңбек конфедерациясының бас секретары Бенуа Фрашон, Сена департаментінің кәсіподақтары бірлестігінің бас секретары Эжен Энафөр, Француз Коммунистік партиясының Жак Дюкло бастаған басшылары, генерал Пети, аббат Гранжье, профессор Бургиньон және Францияның демократиялық жұртшылығының басқа да өкілдері болды.

Жалпы еңбек конфедерациясының бас секретары Бенуа Фрашон ұзақ сөз сөйлеп, француз еңбекшілерін өздерінің материалдық тұрмыс жағдайын жақсарту жолындағы, бейбітшілік, бостандық және ұлттық тәуелсіздік үшін күресте қыймыл бірлігін нығайтуға шақырды.

Лондонда болған Бірінші май демонстрациясына 40 мыңға жуық адам—партия, кәсіподақ және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, жұмысшылар мен қызметкерлер, ғылым және искусство қайраткерлері қатысты. Олар жанталаса қарулану және жаңа соғысқа әзірлену саясатын тоқтатуды, жаппай қырып жоятын қаруларға тыйым салуды, отаршылдық соғыстарды тоқтатуды және Герман милитаризмін қайта тудыру саясатын тоқтатуды талап ететін ұрандар мен плакаттар алып өтті.

Гайд- парктың жасыл алаңында бұқаралық митинг болды. Жыйналғандардың алдында Великобритания Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Гарри Поллит сөз сөйледі.

Митингке қатысушылар аса зор жігермен бейбітшілікті нығайту және жүргізіліп жатқан барлық отаршылдық соғыстарды тоқтату үшін күреске шақырған қарар қабылдады.

Нью-Йоркте Бірінші май митингісіне 15 мың жұмысшы және қаланың прогрессил жұртшылығының өкілдері жыйналды. «Жұмыс және бейбітшілік!» деген ұрандармен өткен митингте «Халықтар арасында бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Говард Фаст және Поль Робсон, Америкаң компартиясы Ұлттық комитетінің мүшесі Элизабет Флин және басқалар сөз сөйледі. Митингке қатысушылар қарарлар қабылдады, бұл қарарлар бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік, Қытай Халық Республикасын тану үшін, атом қаруына тыйым салу және АҚШ-тың басқа

Мамлют, Ленин аудандарында да балалар яслилерін ұйымдастыру өте-мөте кеш басталды. Бұл аудандарда балалар мекемелерінің сетін кеңейту, олардың жағдаййын жақсарту жөнінде батыл күрес жүргізілмеді.

Балалар яслилері мен алаңдарын ұйымдастырудағы негізгі кемшілік тәрбиелеушілер кадрларын іріктеп алуда болып отыр. Балалар мекемелерінің меңгерушілері мен тәрбиелеушілерінің көпшілігі шала сауатты адамдар.

сіндегі белсенділігін онан әрі арттыруды қамтамасыз ететіндігі, ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде алда тұрған міндеттерді ойдағыдай шешуге көмектесетіндігі күмәнсіз.

Олай болса, әрбір колхозда балалар мекемесін ұйымдастыру бүгін таңдағы аса маңызды міндет.

**М. МОРОЗОВА,**
**ҚКП обкомінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі.**

әзірленіп жүр.

**Ш. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.**

Митингтен кейін демонстрация басталды, оған каланың 200 мыңнан аса халқы қатысты.

тің алаңдарында бау- бақтарында және парктерінде халықтық серуендер болды.

Румынияның, Болгарияның, Албанияның, Монгол Халық Республикасының еңбекшілері Бірінші май күнін жаппы демонстрациялармен атап өтті.

Герман Демократиялық Республикасының жүз мыңдаған еңбекшілері Берлинде болған Бірінші май демонстрацияларына қатысты. Демонстрацияшыларды үкімет мінбелерінде болған ГДР президенті Вильгельм Пик, ГДР премьер- министрі Отто Гротеволь, Германияның Біріккен

елдердің ішкі ісіне қол сұқпауы үшін күреске шақырады.

Индонезияның миллиондаған қарапайым адамдары Бірінші май күнін аса зор өрлеу үстінде атап өтті.

Джакартада болған Бірінші май демонстрациясына жарты миллион адам қатысты. Демонстрация Индонезия жұмысшы табы мен шаруалар бірлігінің өсіп келе жатқан күшін көрсетті. Демонстрацияға қатысушылар ұлттық тәуелсіздік үшін, отаршылдық тәртіптің қалдықтарын жою үшін күресті күшейтуге жалынды тілектерін білдірді. Женева кеңесінің адресіне корей мәселесін мүмкіндігінше тезірек шешуге, Индо- Қытайдағы соғысты тоқтатуға және оның халқына толық тәуелсіздік беруге шақырған телеграмма жіберілді.

Жапония еңбекшілері Бірінші май мерекесін кеңінен атап өтті. Бірінші май құрметіне арналған митинг бүкіл елде болды.

Токиодағы Мейдзи паркінде өткен Бірінші май митингісіне әртүрлі кәсіподақтарға бірлескен 300 мыңнан аса еңбекші жиналды. Олар Жапонияны ремилитарландыруға қарсы, американ соғыс «көмегіне» қарсы, демократиялық праволар, жалақыны арттыру үшін күреске шақырған ұрандар алып келді. Юнайтед Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, митингке қатысушылар «американдар, үйлеріңе тайып тұрыңдар!» деген жазуы бар транспаранттар алып өткен.

Мұнымен қатар Италияда, Швецияда, Швейцарияда, Норвегияда, Бельгияда, Данияда, Финляндияда, Австрияда, Латын Америкасы елдерінде, Таяу және Орта Шығыста, жер шарының басқа да бөлімдерінде еңбекшілердің Бірінші май демонстрациялары және митингтері болған.

Бірінші май мерекесі дүние жүзінің барлық елдері еңбекшілерінің нығайып келе жатқан ынтымақтылығының айқын демонстрациясы болды. (СОТА).

*КИНО*

# „Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу"

Ауыз әдебиеті —халықтың сәбилік дәуірінен бастап осы күнге дейінгі өмірін өз бойында бұзбай сақтап көрсететін асыл қазына. Әрбір халық өзінің сан ғасыр бойғы өмірін, көрген қызыққуанышын, тартқан азабын, мұң-шерін, тілек-мақсатын, арманын осы ауыз әдебиеті арқылы атадан балаға, баладан ұрпаққа мәңгілік мұра етіп қалдырып отырады. Ауыз әдебиетінің мұндай шығармалары өзінің ұзақ өмірінде сан-алуан өзгерістер мен қоспалар көрсе де, өзінің негізгі мәнін бойында сақтап қалады. Шығарманың адамгершілігі мол, ішкі дүниесі бай жасалған бейнелері ел ішінде аңыз болып таралады.

Халық арасына кең тараған «Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу» жыры қазақ елінің осындай ескіден келе жатқан лирикалық тұрмыс-салт жырларының бірі. Бір кезде өзінің аса нәзік көркемдігімен орыстың ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкинді қызықтырған бұл жыр әдебиет тарихында талай мұң шері ұқсас елдерге бірдей таралған көшпелі сюжетті шығармаға айналған.

Бұл жыр өзінің көп елдерге таралып, ескіден келе жатқандығына қарамастан сюжеті, композициясы, тілі және өмір шындығын көрсетуі жағынан қазақ елінің феодалдық қоғам тұсындағы көшпелі тұрмысына толық сәйкес келіп, халық жүрегінде талай дәуір бойы тастүйін болып келе жатқан әлеуметтік мәселелердің бірі—әйел теңдігі мәселесін көтереді. Басына ерік бермей, малға сатылып өткен қазақ қыздары мен сүйгеніне қосыла алмай өткен жігіттерінің, олардың бақытын тілеген аналардың мұң-шерін, арманын жыр етеді.

«Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу» жыры республикамыздың драма театрларының сахналарында жазушы-драматург Ғабит Мүсреповтың қаламы арқылы 14—15 жылдан бері қойылып келеді. Содан бері автор бұл еңбегін толықтырып, өзгерте отырып, кәзіргі қазақ совет драматургиясының көрнекті шығармаларының бірі дәрежесіне көтере білді. Қазақтың Мемлекеттік Академиялық Еңбек Қызыл Ту орденді драма театрының сахнадан түспес табысындай болған бұл пьеса өткен жылдарда орыс тіліне аударылып, Отанымыздың астанасы Москва қаласында «Махаббат туралы дастан» деген атпен астана жұртшылығына көрсетілді. Сөйтіп, қазақ драматургиясының бұл шығармасы астана жұртшылығынан жоғары баға алды. Жұртшылыққа танылған бұл шығарманы халық арасына неғұрлым кең тарату мақсатымен автордың кино экранына лайықтап өзгертуі, сөз жоқ, игілікті іс.

Республикамыздың көрнекті жазушыларының бірі Ғабит Мүсрепов бұл лирикалық жырды драмалық трагедияға айналдыруда едәуір еңбек сіңіріп, өзінің қаламы төселген драматург екендігін көрсете білді. Талай заманнан бері ауыздан-ауызға таралып, сан-алуан әлеуметтік ортаның елегінен өткен «Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу» жыры, сөз жоқ, өз бойына бірсыпыра қайшылықтарды да дарытқан еді. Ақын-жыраулардың әлеуметтік көзқарасына байланысты жырдағы кейбір кейіпкерлер келе-келе өзінің алғашқы бейнесін өзгертіп, бірсыпыра қайшылық туғызарлық дәрежеге де жеткен болатын. Мәселен, халықтың ұғымында қорқау, зорлықшыл, топас болып қалыптасқан арамза Қодарды кейбір көш-жөнекей қосылған ақын-жыраулар төменгі таптың өкілі етіп жіберген. Олар өздерінің тап мәселесін баяндаудағы теріс көзқарастарына сүйеніп, Қодарды «құл» атандырған. Сөйтіп, оның екі жүзді пасық болуы «Қодар-құл» екендігінен деп түсінген және халыққа да осылай түсіндірген. Дегенмен, Қодардың іс жүзінде олай еместігі жырдың көптеген варианттарында жойылып кетпеген. Жырдың бұл түрлерінде Қодардың Торғауыттан келген Қалмақ елінің бегі екендігі айтылады. Жазушы Ғабит Мүсрепов Қодар бейнесін жасауда осы айтылған қайшылықтарды жойып, оның шын мәнінде зұлымдық пен жауыздықтың өкілі, солардың жыйнағы, халықтың талай заман бойы алысып келе жатқан дұшпаны екендігін ашып көрсеткен. Сонымен қатар, автор фильмнің сценариіне зұлымдықтың өкілі—Жантықтың және игі қасиеттерді бойына жыйнақтаған, елдің арман тілегін өз бойына сыйдырған ақын ата Жарқынның бейнелерін қосқан. Сөйтіп, автор ескі жырды жаңа заманның сын елегінен өткізіп, оның халықтық мазмұнын тереңдете көрсету арқылы зор творчестволық табысқа жеткен.



«Қозы- Көрпеш және Баян Сұлу» фильмінен кадр.

Бұл сыяқты құнды шығарманы экранға түсіруде фильмді қоюшылар Қазақ ССР-нің халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Айманов пен режиссер Гаккел, суретшілер Ғалымбаева, Колоденко жолдастар өз міндеттерін ойдағыдай орындап шыққан.

Фильмдегі басты образдар — Қозы, Баян, Қодар болып табылады. Артистердің орындауында бұл образдардың барлығы да сәтті шыққан.

Баян— фильмдегі басты тұлға. Фильмнің барлық оқыйғасы соның төңірегіне жыйнақталған. Халық ұғымындағы адал махаббаттың иесі Баянның ролін республикамыздың сахна шеберлерінің бірі —Шолпан Жандарбекова ойнайды. Оның орындауындағы Баян образы адамгершілік пен махаббаттың тұтасқан символы дәрежесінде шыққан. Ол Баянның ішкі жан дүниесінің рухани байлығын шебер көрсете алған. Әсресе, фильмнің соңындағы Қозы-Көрпешті жерлеу көрінісіндегі Баянның ел-жұртпен қоштасуы көрушілерді өте күшті толқытады.

Алматының театр- көркемөнер училищесін өткен жылдары бітіріп шыққан жас артист Темірғали Арғымбеков өзінің ең алғашқы дипломдық спектакльде ойнауынан бастап-ақ дарынды талант екендігін көрсетіп, республика баспасөзі бетінде жұртшылықтан әділ баға алған болатын. Ол фильмдегі басты рольдердің бірі — Қозы-Көрпештің ролін орындап, өзінің болашақ дарынды сахна шебері, темпераменті күшті, мимикасы бай, нағыз сезімтал артист екендігін жұртшылыққа таныта алды. Арғынбековтың орындауындағы Қозы-Көрпеш адалдық пен адамгершіліктің асыл қасиеттерін бойына жыйнақтаған, әлсіздердің қорғаны, зорлықшыларды ауыздықтаушы, таза махаббатты, адал ниетті жас. Ол еңбекте шынығып өскен батыр. Дарынды жас артистің бұл алғашқы, зор творчестволық еңбегін жұртшылық жоғары бағалауда.

Қодар ролінде ойнаушы жас артист Жантөрин іші тар, қызғаншақ адамның көрсеқызарлығы мен сөз ұқпас топастығын шебер ұштастырып бере білген. Зорлықшыл дүниенің өкілі ретінде көрсетілген бұл кейіпкердің бейнесін экранда көрсету арқылы жас артист өзінің творчестволық дұрыс жолда екендігін аңғартты.

Фильмдегі жағымсыз кейіпкер Қарабайдың образын жасауда республиканың халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Серке Қожамқұлов өз ісінің зор шебері екендігін жұртшылыққа тағы да көрсетті. Серкенің ойнауындағы «Баянды малым демей, балам демекпін бе?» деп тұрған қаныпезер, дүниеқоңыз әке жұртшылықтың көңілінде адамшылық ардан айрылған, адам бейнесі кеткен азғын түрінде ұмытылмастай болып ұялап қалады. Өмір мазмұны — байлықта, байлықсыз өмір—тұзсыз тамақ деп түсінетін жауыз Қарабайдың қаражүрек екендігін, оның жүрегінде адамгершілік орнына тек малға құмарлық, араны үшін арын сатушылық сезімі орнағанын артист өте шеберлікпен көрсетеді.

Зұлым Жантықтың ролін республиканың еңбек сіңірген артисі Камал Қармысов орындайды. Жантық үшін ардан мал қымбат. Ол өзінің арам ниетін іске асыруда ешқандай жауыздықтан тартынбайтын зымыян, өсекші, бірінбірге айдап салып арадан жем аңдыйтын азғын. Айта кету керек, Қармысовтың орындауында әлі де болса жасандылықтың ізі аңғарылады. Сондықтан да көп реттерде оның қыймыл, іс-әрекеттері шын өмірдегі оқыйғадай емес, сахнадағы ойындай сезіледі.

Халық даналылығының өкілі ретінде көрсетілген Жарқын образын тамаша сахна шебері Қалыбек Қуанышбаев жасаған. Ол Жарқынды адасқанға жөн көрсетерлік халық данасы дәрежесінде көрсете алған.

Фильмде көрсетілетін аналар образының сәтті шығуы артисткалар Рақия Қойшыбаева мен Сабира Майқанованың зор творчестволық табыстары деуіміз керек.

Фильмнің осы айтылған жақсы жақтарымен қатар кемшіліктері де жоқ емес. Фильмде табиғат көріністері кедей. Ал, композитор Шабельский көріністердегі оқыйғалармен үндесіп отыратын музыка таба білмеген тәрізді. Әсресе, Баян мен Таңсықтың дуэтінде айтылатын «Алқоңыр» әні әрі орынсыз пайдаланылған, әрі нашар орындалған

Дегенмен, бұл жекелеген кемшіліктер фильмнің құндылығына нұқсан келтіре алмайды. «Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу» кинофильмі қазақ искусствосының ішінде күні бүгінге дейін кенже қалып келе жатқан кинематографиямыздың жаңа, елеулі табысы.

**Есет ЖҰБАНОВ.**

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ**

**Бүгіннен, 5 майдан бастап «Ленин туы» газеті үнемі төрт бет болып шығады.**

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Киноларда

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«АЙНЫМАС ДОСТАР»**

Сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«ҚОЗЫ-КӨРПЕШ және БАЯН СҰЛУ»**

Сағат 6-30, 8-30-да басталады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01230. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.